



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

Облыс әкімінің құттықтауы

Құрметті құрылысшылар! Ардақты сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Құрылыс — адамзатпен бірге жасасып келетін маңызды сала болуымен қатар, экономиканы алға жетелеуші күш. Өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында өңіріміздің экономикалық-әлеуметтік әлеуеті артып келеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Ұлттық экономика құрылымында құрылыс секторы маңызды орынға ие. Осы сала ішкі жалпы өнімнің 5-6 пайызын береді. Жанама салалар қосылса, бұл көрсеткіш одан да көп» деп атап өтіп, Үкіметке сәулет-құрылыс қызметін реттейтін жаңа құжат – «Қала құрылысы» кодексін қабылдауды тапсырды.

Кейінгі жылдары облыс, аудан орталықтарының аумағы айтарлықтай ұлғайды. Жаңа шағын аудандар салынып, оларға қажетті инфрақұрылымдар жеткізілді. Қызылорда қаласының үлкен құрылыс алаңына айналуына, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың көптеп бой көтеруіне, көшелердің кенеюіне сіздердің қосқан үлестеріңіз өлшеусіз. Елді мекендердің өркендеуіне, тұрғындардың жайлы тұрмысына, білім алуына, денсаулығын түзеуіне қызмет ететін нысандар қашан да сұранысқа ие. Сондықтан шебер қолды құрылысшылардың еңбегі де ел құрметіне бөлене бермек.

Биыл Сыр өңірі құрылыс жұмыстарының көлемі бойынша республикада алдыңғы қатарға орнықты. Бүгінде мемлекет қолдауымен өңірде 26 тұрғын үйдің және 62 әлеуметтік нысанның, 150 жобаның құрылысы жүзеге асуда.

Облыс орталығында бой көтерген «Неке сарайы», «Өнер орталығы» және жаңа автовокзал ғимараты пайдалануға берілді. Ал келесі жылы «Қан орталығы» мен физика-математика бағытындағы мектеп-интернат ел игілігіне айналады. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп», «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» сияқты ұлттық жобаларды құрыш қолды құрылысшылар жүзеге асырмақ.

Құрылысқарқындалған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы емхана мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана күн санап бойын тіктеп келеді.

«Қайсар» футбол клубының жаңа стадионы мен көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені сол жағалаудың көркін келтіретін ғимараттар болмақ.

Бүгінгі мерекеде Президент бастамасын қолдап, туған жерін өркендетуге үлес қосқан кәсіпкерлер мен меценаттарға да алғыс айтамыз. Қазір аймағымызда демеушілер есебінен 31 млрд 700 млн теңгенің жобалары жүзеге асуда. Бұл жобаларда да жасампаз мамандық иелері – құрылысшылардың қолтаңбасы бар.

Бүгінгі мерекеде баршаңызға зор денсаулық, толағай табыстар тілеймін! Тәуелсіз еліміздің тұғыры нық, еңсесі биік болғай!

Құрметпен,
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
облыс әкімі

СЕССИЯ

ӨРКЕНДЕУ ӨЗДІГІНЕН КЕЛМЕЙДІ

ПРЕЗИДЕНТ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ӨҢІРДЕ СӘТТИ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Кеше VIII сайланған облыстық мәслихаттың кезекті V сессиясы өтті. Сессияға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ақмарал Әлназарова, Руслан Рүстемов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаев, облыс әкімінің орынбасарлары мен тиісті сала басшылары және БАҚ өкілдері қатысты. Сонымен қатар аудан әкімдері мен депутаттары онлайн режимде қосылды. Күн тәртібінде 9 мәселе қаралды. Сессияның облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов жүргізіп отырды.

Сп Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша, яғни, «облыс әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау туралы есебі», «2022 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы» облыс әкімі баяндама жасады. Онда аймақ басшысы өңірде атқарылған ауқымды жұмыстарды саралап, алдағы жоспарларға тоқталды.

Биыл алты айда өңірдің экономикалық дамуында оң тенденция



Суреттерді түсірген Б.Бекенов

қалыптасқан. Құрылыс, инвестиция тарту, сауда, пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі, ауыл шаруашылығының өнімі, жалпы негізгі салаларда айтарлықтай өсім бар. Сыр өңірінің қарқынды дамуы жолында өлемдегі озық тәжірибелер терең зерттеліп, жан-жақпен әріптестік байланыс кеңейтілуде.

– Өнеркәсіп өндірісінің 70%-ға жуық үлесін алатын тау-кен секторында 2013 жылдан бері мұнай өндіру 6,5 млн тоннаға азайғаны белгілі. Суланған және сарқылған ұңғымаларда мұнай өндіру көлемін арттыру бойынша жаңа технологиялар жасайтын қытайлық «Джепетто» компаниясымен бір-

лескен жұмыстар басталды. Аталған компанияның өкілдігі Қызылорда қаласында ашылды. Мамандардың мәліметіне қарағанда, жаңа технологиялардың көмегімен мұнай өндіру көлемін 20 пайызға дейін арттыруға болады, – деп атап өтті облыс әкімі.

2-бет

БІРЛІК – БАСТЫ КҮШ

ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ V СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті депутаттар!
Сессияға қатысушылар!

Аймақтың алдағы мақсаты ақымды.

2023 жылдың 6 айында облыстың экономикалық дамуында оң тенденция жалғасуда.

Құрылыс жұмыстары көлемі 54,9 пайызға (53,7 млрд теңге),

инвестициялар тарту 23,1 пайызға (162,0 млрд теңге), сауда көлемі 3,2 пайызға (325,3 млрд теңге), пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 2,1 пайызға (318,7 мың шаршы метр) және ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,8 пайызға (36,2 млрд теңге) артқан.

Өнеркәсіп өндірісінің 70%-ға жуық үлесін алатын тау-кен секторында

2013 жылдан бері мұнай өндіру 6,5 млн. тоннаға азайды (2013 жылы – 10,5 млн тонна, 2022 жылы – 4,0 млн тонна). Жаңа мұнай кен орындарын игеру үшін Арал бассейнінің «Батыс» және «Шығыс» бөлігінде геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Сараптама қорытындысы 2024 жылы анықталады. Суланған және сар-

қылған мұнай ұңғымаларында мұнай өндіру көлемін арттыру бойынша жаңа технологиялар енгізетін қытайлық «Джепетто» компаниясымен бірлескен жұмыстар басталды. Аталған компанияның өкілдігі Қызылорда қаласында ашылды. Мамандардың мәлімдеуінше, мұнай өндіру көлемін 20 пайызға дейін арттыруға болады.

3, 3-беттер

КӘСІБИ МЕРЕКЕ



ҚҰРЫШ ҚОЛДА ҚҰДІРЕТ БАР

Кеше Қызылорда қаласында Құрылысшы күніне арналған мерекелік салтанат ерекше сипатта өтті. Кәсіби мереке иелерін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтады.

– Құрылысшылар – сәулет өнерінің шеберлері ғана емес, адал еңбектің иелері. Сары аяз қыста да, шіліңгір шілденің аптап ыстығы мен жауынды қоңыр күзде де күш-жігерін аямайтын қадірлі мамандық иесі. Сондықтан әрбір шебер қолды құрылысшының туған өлкеміздің дамуында қолтаңбасы бар. Бүгінде өңірде құрылыс индустриясы қарқын алып келеді. Заманауи ғимараттар салынып, жаңа ықшам аудандарда көпқабатты тұрғын үйлер бой көтеріп, аймақ ажарына әр қосты. Миллиардтаған теңгенің ірі жобалары да құрыш қолды құрылысшылардың табандылығы арқасында жүзеге асуда. Биыл Сыр елі құрылыс жұмыстарының көрсеткіші бойынша республикада алдыңғы қатарда, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік іс-шарада облыс әкімі Тәуелсіздік жылдары облысымыздың өсіп-өркендеуіне, құрылыс саласының

дамуына ерекше атсалысқан азаматтарға, майталман мамандарға түрлі марапат табыстады. Атап айтқанда, «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағымен мемлекет және қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Қожахмет Баймаханов марапатталды. Сонымен қатар сала мамандарына «Құрметті құрылысшы», «Құрметті жолшы» төсбелгілері, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрмет грамотасы, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Қазақ эстрадасының талантты өкілдері Мадина Сәдуақасова, Әміре, Маржан Арапабаева және Садраддин ән шырқап, мереке думанын қыздырды.

Айта кетейік, мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде биыл облыс аумағында 8,8 млрд теңгеге 26 тұрғын үйдің және 46 млрд теңгеге 62 әлеуметтік нысан құрылысы жүргізілуде. Соңғы 3 жылда тұрғын үй құрылысының көлемі 112 пайызға өсіп, 3 мыңнан аса азамат жаңа пәтерге ие болды. Биыл құрылыс көлемі одан әрі артып, 692,3 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған.

Қазір әртүрлі деңгейдегі 150 жобаның құрылысы жүзеге асуда. Бұған мемлекеттік бюджет есебінен 72,3 млрд теңге бөлінді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге артық.

ӨНІР ӨНДІРІСІ



ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ КОМБИНАТЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Құрылысшы күні қарсаңында Қызылордада ашылған Үй құрылыс комбинатындағы салтанатты рәсімге қатысты. Аймақ басшысы жерлестерін жаңа өндіріс орнының салынуымен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтай жиынында «Әділетті Қазақстанда еңбекқор адам ең сыйлы адам болуы тиіс. Маңдай термен тапқан әр тиын – нағыз ардың ісі» екенін айтты. Ал адал еңбек етуді ұстанымға айналдырған құрылысшылар қауымын бағалап, лайықты құрмет көрсету – біздің міндетіміз! Темірбетон бұйымдарын шығаратын зауытты іске қосу аймақтағы құрылыс саласын, тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым жүйесін дамытуға жол ашады. Мұндай өндірістер бізге құрылыс шығындарын едәуір азайтуға, импортқа тәуелділікті төмендетуге, сондай-ақ капиталдың шетелдерге

кетуін шектеуге мүмкіндік береді, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік іс-шарада құрылыс саласының ардагері Ақмұрат Мадияров құттықтау сөз сөйлеп, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Жарыққасын Шеріпов бата берді.

Айта кетейік, үй құрылыс комбинаты еден, жол плитасы, іргетас блоктары, маңдайша, таспалы іргетас, баспалдақ сияқты өнімдер шығарады. Жаңа зауыт сағатына 80 текше метр темірбетон және 120 текше метр темірбетон бұйымдарын өндіре алады. Кәсіпорында 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі





ӨРКЕНДЕУ ӨЗДІГІНЕН КЕЛМЕЙДІ



Индустрияландыру аясында құны 607,7 млрд теңгені құрайтын 34 жоба жүзеге асырылуда. Нәтижесінде 6,3 мың жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Облыс әкімі сондай-ақ, биыл жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы, бие сүтін өңдейтін цех, әк және құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру зауыты іске қосылатынын және олардың ел тұрмысын жақсартуға айрықша септігі тиетінін жеткізді.

Өңдеуші өнеркәсіпке серпін беретін шыны зауытында қазір жұмыс қызу. Биылғы 6 айда 6,2 млн шаршы метр шыны өндірілген. Зауыт өнімі еліміздің аймақтарына, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресейге экспортталуда.

Сонымен қатар ірі жобалардың бірі – «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы биыл басталады деп күтіліп отыр. Құны 235 млрд теңге болатын жоба бойынша Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі платформасында тендер өткізілуде.

Биыл өңірге 424 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған. Жыл басынан бері кәсіпкерлікті қаржылай қолдау үшін әртүрлі көздерден 23 млрд теңгеге жуық қаржы қаралып, 2000-нан астам жобаға қолдау көрсетілген.

Облыс әкімі баяндама барысында кәсіпкерлікті қолдау, тұрғындарды баспанмен қамту, ауысу, газдандыру, жол және өзге де негізгі басымдықтар бойынша талдау жасап, алдағы міндеттерді нақтылады. Бір сөзбен айтқанда, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жаңа сатыға көтеріліп отыр. Мұны сессияда сөз алған парламент өкілдері де тілге тиек етіп, нақты мысалдармен жеткізді.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарованың пікірінше, Президент жүктеген маңызды

міндеттерді жүзеге асыруда облыста нақты әрі ауқымды жұмыс бар.

– Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламентінің 8-сайланымның 1-сессиясында сөйлеген сөзінде маңызды міндеттер ретінде іскерлік белсенділікті ынталандыруды, өңдеуші секторды, инфрақұрылымды дамытуды, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, адами капиталдың сапасын арттыруды, азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын қолдауды, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайтуды, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлардың сапасын арттыруды айқындап берді. Бұл – нақты тапсырма, елдің айқындаушы құжаты болмақ. Осы орайда Президент тапсырмаларының Сыр өңірінде қарқын алғанын бірнеше күннен бері аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы және әріптестерімен бірге елді мекендерді аралау барысында көз жеткіздік. Сонымен қатар, бүгін облыс әкімінің баяндамасында айтылғандай, облыс қазынасы өткен жылмен салыстырғанда 53,9%-ға өсіп, 596,2 млрд теңгеге жеткені, осы қаржының 63,5%-ы әлеуметтік салаға бағытталуының өзі он тенденцияны аңғартады. Атап айтқанда, облыстың денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет саласына бағытталған қаржылардың едәуір өсіп, ірі құрылыстардың жүріп, ескелең ұрпаққа салынып жатқан инвестициялар, рухани-мәдени дамудың кең өріс ашуы, әлеуметтік саланың жаңа бір серпіліске көтерілгенін білдірсе керек. Сыр елінің перзенті ретінде, әрине қуаныштымыз, – деді Сенат депутаты.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев та сөз алып, өңір дамуындағы бастамаларға оң бағасын берді.

– Иссапар барысымен елді мекендерді аралап, тұрғындармен кездесіп жүрміз. Кейінгі екі күнде облыс әкімімен бірге араладық. Қай ауылға барсақ та жұмыс жүріп жатыр, тұрғындардың көзінен ризашылықты байқадық. Облыс бюджеті бір жылда 600 млрд теңгеге жетті, яғни, екі есеге ұлғайған. Бұл дегеніңіз – үлкен жұмыс. Біздің елде 20 облыс бар. Олардың барлығы қаражатты қажет етеді. Оның ішінде үш облыс жанадан құрылып отырғанын білесіздер. Оларға тіпті көп қаржы керек. Осындай жағдайда өңірге мынадай көп қаржы тартудың артында табанды еңбек тұрғаны сөзсіз. Бұрын ауылдарда халық сексеуілге рұқсат сұрайтын, қазір газ тартып беруді талап етеді. Өйткені оған мүмкіндіктің бар екенін біліп отыр. Электр желілері де жаңартылып жатыр. Мұның барлығы жүйелі жұмыстың, қаржыны тиімді пайдаланудың нәтижесі. Аңыз болған шыны зауытының іске қосылуы, қала, аудандарда тұрғын үйлердің салынуы, жол мәселесінің кезең-кезеңімен шешіліп жатқаны үлкен жетістік. Өңірде атқарылып жатқан игі істерді, тын бастамаларды әрқашан қолдаймыз, бірлесіп жұмыс істеуге шақырамын, – деді Мұрат Нөлкөжаулы.

Сессияда «Облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №155 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбаракөв сессия алдындағы тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында депутаттар жолдаған сауалдарға байланысты қысқаша хабарлама жасады.

Айта кетейік, 10 тамыз күні облыстық мәслихат депутаты, экология, өндіріс, шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Бауыржан Сандыбаевтың төрағалығымен өткен



тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Қамбарбек Мұбаракөвтің, облыс бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Мұса Қалдарбековтің және облыстық мәслихаттың экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Балжан Шәменованың баяндамалары тыңдалған болатын. Онда депутаттар сауалдарын жолдап, ұсыныстарын ортаға салды.

Мәселен, облыстық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов ауызсу мәселесін, сол жағалаудағы абаттандыру жұмыстары бітпей жатқан 4 қабатты тұрғын үйлер жайын, «Саяхат» ауданында ПМК каналынан бері қарай канал қазып, сол аудандарды суландыру, «Бәйтеректегі» 5 жыл бойы құрылысы аяқталмаған 600 орындық мектеп жайын көтерсе, депутат Жанкелді Ысқақ Жаңақорған ауданы «МАИ бөкеіндегі» құрылысы аяқталмаған мектеп мәселесіне орай сауал қойды. Депутат Ібайдулла Тілеп Тоқабайдағы жол мәселесін, 95% қаржыны алып, құрылыс жұмысын жүргізбей жатқан мердігер мекемелер, Арал ауданындағы 5 жылға созылған, әлі күнге дейін бітпеген жол мәселесі, «Қарлаң» көпірі мен Мәдениет үйі, Қазалы мен Әйтеке би арасындағы жол, «Тастүбек» елді мекенінде скважина қазуға байланысты ұсынысын жолдады.

Бұл ретте, депутат Аманжол Оңғарбаев БАҚ-қа бөлініп отырған тапсырыс көлемінің аздығы, журналистер жаалақысының төмендігі және мемлекеттік тапсырысты игеру тарифі қунының тым аз болуына байланысты маңызды мәселе көтерді. Сондай-ақ, ол Қызылорда қаласындағы кейбір көшелерді қайта жаңғырту, жол салу жайына да тоқталды. Ал Әмірбек Шаймағамбетов

алдағы 2024-2026 жылдарға жолаушылар тасымалдаудағы шығындарды жергілікті бюджет есебінен субсидиялауды, Мақсұт Нәлібаев «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК авариялық жағдай кезінде қалпына келтіруге және жөндеу жұмыстарына арналған тозығы жеткен техникаларды жаңарту қажеттігін айтты. Мұхтар Ниязов бюсттер, «Қорқыт ата» мемориалды музейге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, тарихи-архивтік құжаттарды алу, облыстық филармонияға лэд-экран мен лазерлі құрылғылар сатып алу туралы сауал жолдады. Депутат Аида Әбибуллаева балабақшада осал топтағы отбасы балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жайын жеткізді. Осы және басқа да бірқатар депутаттар білдірген ұсыныс-пікірлерге орай сессияда басқарма басшысы Қамбарбек Мұбаракөв мәлімдеме жасады.

Оның айтуынша, депутаттар тарапынан 68 ұсыныс түсіп, оның 73,5 пайызы қолдау тапқан. Атап айтқанда, Жорабек Нұрымбетов көтерген 11 ұсыныстың 8-і, Аманжол Оңғарбаев жолдаған 10 ұсыныстың барлығы қолдау тапса, Мұхтар Ниязов тарапынан көтерілген 9 мәселе де қанағаттандырылды. Ал Аида Әбибуллаеваның музыкалық колледж ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу туралы ұсынысы қолдау таппау себебінен облыс әкімі түсіндіріп берді.

– Депутаттар тарапынан көптеген ұсыныс түскен екен. Түсінемін, барлығыңыз елге болсын дейсіздер. Бірақ қаражаттың мүмкіндігіне байланысты бірқатар ұсыныстар қолдау таппай қалды. Оның әрқайсының өзіндік себебі бар. Біз кеше басқарма басшыларымен бірге қарап, саралап шықтық. Соның ішінде музыкалық колледжге байланысты айтайын. Бұл оқу ордасының күрделі жағдайынан хабардармын. Оған қаржы бөлмеген себебіміз, қазір жобалау жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Жиырма күннің ішінде мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынаса, жаңа ғимарат саламыз. Ескіні жамай бергеннен ештеңе шықпайды. Мысалы, Абай атындағы мектепке 700-800 млн теңгеге қосымша ғимарат салып жатырмыз. Құдай қаласа, бірінші кыркүйекте пайдалануға береміз. Сол секілді Т.Есетов атындағы №264 мектепке де 500 млн теңгеге 550 орындық қосымша ғимарат салынады. Демек, 700 млн теңгеге ескіні жаман дұрыс па әлде сол қаржыға жаңасын салған жақсы ма? Сондықтан жаңасын салуға шешім қабылдадық, – деп нақтылай түсті аймақ басшысы.

Осы секілді қолдау таппаған өзге ұсыныстардың да себебі түсіндірілді. Әсіресе, көп жағдайда құжаттарының дұрыс болмауы кедергі келтіргені айтылды.

Сессияда сондай-ақ, күн тәртібіндегі өзге де мәселелер талқыланып, шешім қабылданды.

БІРЛІК – БАСТЫ КҮШ

ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ V СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Өткен айда Қытай Халық Республикасына жұмыс сапары барысында мамандарды тегін оқыту бойынша меморандумға қол қою туралы келісімге келдік. Таяу уақытта компания делегациясының Қызылорда облысына жұмыс сапары жоспарлануда.

Дәл сол секілді ағымдағы жылғы 22-25 мамыр күндері Корея Республикасының шақыртуы бойынша Сеул, Тэджон (қала мэрі Ли Ван Ву) қалаларына және Чоллабук-до провинциясына (губернатор Ким Гван Ён) арнайы делегация құрамымен бардым. Иссапар аясында әлемдік деңгейдегі Кореяның жетекші жоғары оқу орындарының Президенттерімен және өңір басшыларымен кездесіп, екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша Меморандумдарға қол қойдық. Өңірге инвестиция тарту мақсатында шетелмен қарым-қатынас бағытындағы жұмыстар өз жалғасын таба береді.

Индустрияландыру аясында өңірде құны 607,7 млрд теңгені құрайтын 34 жоба жүзеге асырылуда. Соған сай 6,3 мың жұмыс орны құрылатын болады. Биылғы болжам бойынша жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы, бие сүтін өңдейтін цех, әк және құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру зауыты іске қосылатын болады. Бұл ел өмірін жақсартуға айрықша септігін тигізеді.

2022 жылдың қазан айынан бастап облыста өңдеуші өнеркәсіпке серпін

беретін шыны зауытында жұмыс жүргізілуде. Өткен жылы зауыт елімізді 32 мың тоннадан астам өніммен қамтамасыз етсе, ағымдағы жылдың 6 айында 6,2 млн шаршы метр шыны өнімі өндірілді. Зауыт өнімі республикамызбен бірге Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресейге экспортталуда.

Шыны зауыты айналасында шағын және орта кәсіпкерлік белдеуін құру мақсатында «Хорн» неміс компаниясының технологияларын тарта отырып, қуаттылығы жылына 120 млн дана шыны бұйымдарын шығаратын зауыт жобасын жүзеге асыратын боламыз. Импорты алмастыру бағытындағы жоба аясында халықаралық стандарттарға сай түрлі шыны ыдыстарын өндіру, шыны бұйымдарын ТМД елдеріне кеңінен экспорттау көзделуде.

Ірі жобалардың бірі «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы биылғы жылға басталады. Құны 235 млрд теңге болатын жоба бойынша бүгінде Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі платформасында тендер өткізілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жалпыұлттық бірнұғай жобалар пулы қалыптасып, құны 979,7 млрд теңгеден асатын 46 жоба енгізілді. Биыл құны 13,4 млрд теңгенің 9 жобасы жүзеге асырылады. Бұл ірі жобалардың жүзеге асуы өңірде инвестиция көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Биыл өңірге 424 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылады.

2023 жыл басынан бері кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 23 млрд теңгеге жуық қаржы қаралып, 2000-нан астам жобаға қолдау көрсетілді. «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында жыл басынан бері несиесі портфельі 14 млрд теңгені құрайтын 484 жоба субсидияланды. Жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 72 мың 872 бірлікті құрап, 35,6%-ға ұлғайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылы басталған жас кәсіпкерлерге жылдық 2,5 пайыздық жеңілдікпен кредит беру жұмыстары айрықша қолдау тапты. Республикалық бюджеттен 1 млрд 285 млн теңге қаржы бөлінді. Өтінімдер өңірлік «Бизнес жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссиясымен» қаралып, 264 жас кәсіпкер 1 млрд 209 млн теңгенің оң қорытындысын алды. Нәтижесінде 172 жас кәсіпкер өз кәсіптерін бастады (787,9 млн теңгеге). Жас кәсіпкерлердің бастамаларын қаржылай қолдау мақсатында біз Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігіне қосымша тағы 1 млрд теңге қаржы бөлу ұсынысымен шылғын (200 адамға), қолдау алдық. Бөлінген қаржы жыл аяғына дейін өз мақсаттарына бағытталатын болады.

Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 195,9 мың гектарға орналастырылды.

Жыл басында «Шардара» мен «Көксарайда» су көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 2,3 млрд текше метрге артық жиналуы және Мемлекетаралық

су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының отырысында «Шардараға» вегетациялық кезеңде 4,2 млрд текше метр судың түсуі болжанды.

Биыл 84 мың гектар шамасында күріш көлемін жоспарлағанмен, жоғарыда айтылған себептерге байланысты 89 мың гектар шамасында егілді. Өкінішке орай, бүгінде түрлі себептермен Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының болжамы орындалмауда. 1 сәуірден 1 тамызға дейін 3,0 млрд текше метр су көлемі болжанса, нақты 53 пайыз немесе 1,6 млрд текше метр түсті. Алайда, егілгенігіктің суармалы судан қалдырмау шараларын жауапты министрліктермен және шаруалармен бірлесіп барынша жүргізудеміз. Арнайы жұмыс тобы құрылып, шаруашылықтарға су кезекпен берілуде. Жоғары орналасқан жерлерге су жеткізу және қашықтықтағы суды екінші мәрте пайдалану үшін 351 насос қолданылуда. Вегетациялық кезеңнің өз деңгейінде өтуін бақылауда ұстаудамыз.

Әлеуметтік маңызды дақылдарды егіп алуға ынталы тұрғындар үшін өткен жылы арнайы жер телімдерін дайындап беруді бастаған болатынбыз. Осы игі бастама 2023 жылы да жалғасып, қала мен аудандарда 5542 отбасына 3 мың гектардан астам жер берілді.

Биыл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Сыр диқандарын мемлекеттік қолдау мақсатында «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясымен» күріш өнімін

форвардтық сатып алу келісілді. Келісімді тиімді іске асыру үшін Үкіметтің қолдауымен 1 млрд 200 млн теңге қаралды. 6 мың тонна көлемінде ақ күрішті сатып алуға 1,2 млрд теңге бөлініп, облыстың 4 шаруашылығы «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясымен» келісім-шарт арқылы қаржыларын алып, көктемгі дала жұмыстарына қажетті тынайтқыш, жанармай, гербицидтерін сатып алуға жәрмәст.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойғаны белгілі. Тұжырымдама аясында «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Дипломнен – ауылға!» жобалары жүзеге асырылды. Бұл мақсаттарға биыл 17 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Аталған қаржы елді мекендердің инженерлік инфрақұрылымдарын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандар құрылысын салу мен жөндеу жұмыстарына, мамандарды әлеуметтік қолдауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталуда. Әсіресе, «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша ағымдағы жылға 46 ауылдық елді мекенде 216 жобаны жүзеге асыруға 11,6 млрд теңге бөлінді.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін облысқа биыл 3,0 млрд теңге қаржы бөлінді. Қаржыландырудың 5 бағыты



БІРЛІК – БАСТЫ КҮШ

ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ V СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

анықталып, негізгі басымдық өңдеу, кооперативтерді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге берілуде.

Бүгінгі күнге сенім білдірген өкіл (агент) ретінде «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы белгіленді. Ауыл тұрғындарының жағдайын ескере келе, құжаттарды қабылдау шарттары барынша жеңілдетілді. Қазіргі уақытта 1 млрд 637 млн теңгенің 240 жобасы қабылданып, комиссияға ұсынылуда. Мақұлданған жобалар бойынша төлемдер таяу арада басталады. Ең маңыздысы, халықтың жобаға қатысуға деген қызығушылығы өте зор.

Осы жерде, ерекше атап өту керек, биылғы жылдан бастап қаланы абаттандыру, елді мекендерді дамыту, ауылдық жерлерде тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстарды ынталандыру, бағалау мақсатында аймағымызда алғаш рет «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы бастау алды. Конкурста қатысушылардың арасында үздік елді мекендерді анықтау үшін азаматтық қоғам өкілдерінен, халық қалаулыларынан, тәуелсіз журналистер мен экобелсенділерден құралған тәуелсіз сарапшылық комиссия жұмыс жасап, шешім қабылдады. Конкурс нәтижесімен «Үздік ауыл», «Үздік аудан орталығы», «Қызылорда қаласының үздік шағын ауданы» анықталды.

Бірлік пен берекенің, тазалық пен абаттандырудың үлгісін көрсетіп, жеңімпаз атанған «Үздік ауылдар» мен «Үздік аудан орталықтарына» құнделікті ел тұрмысына ең қажетті деген заманауи үлгідегі техникалар табысталды.

Қала орталығынан жеңімпаз атанған шағын мөлтек аудандардың абаттандыру бағытындағы жасалған жұмыстарын бағалау мақсатында сквер, көше аулаларды жарықтандыру, балалар және спорттық ойын алаңдарын салу сынды жобаларды облыстық бюджеттен қаржыландыратын боламыз.

«Үлгілі елді мекен» конкурсы қаланың шағын аудандары мен аудан орталықтары және ауылдар арасында күзде қайта жалғасады. Қазіргі өзінде облыстық бюджеттен 523 млн теңге қаржы бөлініп, конкурста дайындық жұмыстары басталды. Осылайша ауыл-аймақтың ажарын айшықтап, келбетін көркем етуге бағытталған бұл шараны дестүрлі түрде жыл сайын өткізу жоспарлануда.

Елдің әл-ауқатын арттырудың тағы да бір өлшем шарты – инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту.

Облыс көлемінде 31,4 млрд теңгеге 130 мың шаршы метр болатын 1924 пәтерлік 36 көпқабатты тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Биыл 30 үй (93 мың ш.м., 1430 пәтер) халық игілігіне табысталды. Бұдан бөлек, облысымыздың әлеуметтік осал топтарына 1 мың пәтер сатып алуға (600 пәтер Қызылорда қаласында, 400 пәтер аудандарда) республикалық бюджеттен 9,6 млрд теңге бөлінді.

Облыс халқының 98,1 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізуге жұмыстар жасалуда (230 елді мекеннің 198-і су жүйесіне қосылған). Өткен жылы 6 ауылдық елді мекен «көгілдір отынға» қосылып, халықты газдандыру деңгейі 70 пайызға жетті. Биыл 12 ауылдық елді мекенді газдандырамыз. Осының нәтижесінде газбен қамту деңгейі 75 пайызға жеткізіледі.

Жергілікті маңыздағы 366 шақырым автомобиль жолдарының жақсы жағдайдағы үлесі өткен жылы 82 пайызды құрады, биылғы жеке – 87 пайыз. Бүгінде Қызылорда қаласында барлығы 141 шақырым көшелерді жөндеу жұмыстары қарқынды жүруде (шет аймақ, кенттер, ауылдарды қосқанда). Оған 10 млрд 768 млн теңге бөлінді.

Оның ішінде көлік ағымы көп шоғырланған Бейбарыс сұлтан (4,2 км), Назарбаев даңғылы (3,8 км), Астана даңғылы (2,8 км) сияқты орталық көшелерде жол жөндеу жұмыстары екі ауысыммен жүруде. Түсінеміз, мұның бәрі жаяу жүргіншіге де, көлік жүргізушілеріне де қолайсыздық туғызады. Жұмыстар алдағы 10-15 күнде аяқталады.

Орталықтандырылған жылу мәселесін шешу мақсатында «Акса энерджи» түрік компаниясымен бірлесіп, жылу және электр қуатымен толық қамтамасыз ететін 240 мегаватттық жылу-электр орталығының іргетасы қаланды. Құны 215 млрд теңгеден асатын бұл жоба 2025 жылы іске қосылады. Бұл электр энергиясын сырттан сатып алудан арлып, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді.

Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту мақсатында өткен жылы 150 дана жаңа автобус адық. Биыл қыркүйек айына дейін тағы 150 автобус алынады. Осылайша қоғамдық көлік мәселесі түбегейлі шешіледі.

Әлеуметтік сала – облыс экономикасының ең өзекті салаларының бірі. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары облыста 27 денсаулық сақтау нысаны салынады. Биыл Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 36,4 млрд теңге болатын нысанның құрылысы 2025 жылы аяқталады.

Құны 2,7 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығы» 2024 жылы пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, заманауи 200 төсек-орынды «Перинаталдық орталық» салу жоспарымызда бар. Қазіргі таңда жобасметалық құжаттары әзірленуде. Құжаттың дайын болу барысына қарай республикалық бюджеттен қаржы алу мәселесін шешетін боламыз. Болашақ бойынша нысанның құны – 30 млрд теңгені құрайды.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында 21 мектеп құрылысы салынады. Биыл 10 мектеп құрылысы басталады. «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылордада дарынды балаларға арналған физика-математика бағытындағы құны 7,9 млрд теңгені құрайтын мектеп-интернат құрылысы басталды.

Осы тізімге облыс бойынша тағы 1775 орынға арналған 4 мектеп құрылысын енгіздік (№101 Ә.Мүсілімов, №2 Абай, Жезқазған трассасы бойында 600 орынға, Шиели ауданы Байсын ауылындағы 250 орынға). Құрылыс жұмыстары 2023-2024 жылдары аяқталады.

Жергілікті бюджет есебінен Жаңақорған ауданы «МАИ» бекеті мөлтек ауданында 300 орындық, Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 250 орындық мектеп, Қызылорда қаласындағы №264 мектеп-лицейге 550 орындық, №3 мектеп-лицейге 375 орындық қосымша оқу ғимараттарының құрылысы қараша айына дейін пайдалануға беріледі.

Демеушілердің қолдауымен Арал ауданы, Тоқабай ауылында апаттық жағдайдағы мектептің орнына 500 млн теңгеге жаңа мектеп салынады. Осы жылдың қараша айында пайдалануға беріледі.

Осы жылғы тамызда облыс орталығында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы», желтоқсан айында құны 3,7 млрд теңге болатын 1000 орындық «Өнер орталығы» ел игілігіне пайдалануға беріледі. 975 млн теңгені құрайтын заманауи талаптарға сәйкес жаңа автовокзал құрылысы салынады. Жыл соңында пайдалануға беріледі.

«Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Елді мекен тұрғындарының тілегі бойынша аудан орталықтарын қолдау үшін 7 ауданда музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары сынды бірқатар тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтарының құрылыстарын салатын боламыз. Ғимараттың құны шамамен 1-1,2 млрд теңгені құрайды. Бұл бізге әрбір ғимараттың жеке құрылысына және коммуналдық қызметтерге жұмсалатын бюджет қаржысын үнемдеуге үлкен мүмкіндік береді.

Облыс дамуында демеушілердің де еңбегі орасан зор. Жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар белсенді араласып, қайырымдылық шараларына, Сыр елін көркейтуге өз үлестерін қосуда.

Бүгінде аймағымызда демеушілікпен барлығы 31 млрд 700 млн теңгенің жобалары жүзеге асуда. Атап айтқанда, Болат Өтемуратовтың демеушілігімен 15 млрд теңгеге «Қорқы ата» әуежайының жаңа терминалы салынады. 2024 жылдың мамыр айында ел игілігіне табысталады.

Қызылорда қаласында белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен 1,5 млрд теңгеге «Анаға тағзым» орталығының құрылысы жүруде. Нысан тамыз айында пайдалануға беріледі. Жаңақорған ауданында құны 790 млн теңге болатын заманауи демалыс паркі, Сырдария ауданы Н.Илиясов ауылында құны 450 млн теңге болатын «Еңбекшілер паркі» бой көтерді.

Сәуір айында Қызылорданың Түркістан облысымен шекарасында демеушілік есебінен құны 230 млн теңге болатын облыстық кіреберіс қақпасы ашылды. «ҚазГЕРМунай» ұлттық компаниясымен келісім нәти-

жесінде Қызылорда қаласында 2,5 млрд теңгеге заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы биыл басталады.

Маусым айынан бастап демеушілердің қолдауымен 1 млрд 100 млн теңге қаржыға облыс орталығында 50 үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталуда.

Осы секілді демеушілермен 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауалары абаттандырылуда. Яғни, заманауи спорт алаңдары, тротуарлары, жарық бағаналары жаңартылуда.

Осындай игілікті істердің бірі – Қызылорда қаласының орталық алаңында бастау алды. Демеушілікпен «Әйтеке би көшесін Желтоқсан көшесінен А.Байтұрсынов көшесіне дейін, Ы.Жақаев көшесін Әйтеке би көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейін абаттандыру» жобасына орай, мердігер мекеме құрылыс жұмыстарына кірісті. Жоба бойынша субұрқақтар аумағына брусчатқалар, жолжик тастар орнатылады. Жарықдиодты шамдар қойылып, газондар, көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылады. Сонымен қатар, шағын архитектуралық пішімдемелер орналастырылады. Ы.Жақаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен Орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылады.

Ең маңыздысы, бұл құрылыс бюджеттен тыс, яғни кәсіпкер Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен жүзеге асуда. Жоба құны 1 млрд теңгені құрайды.

Әлеуметтік желіде бұл бойынша қызу пікір болғанын білемін. Кейбір белсенділер «бюджет қаржысын басқа жобаларға бағыттамай ма?» деген сынды ойларын айтады. Орталық алаңның жайқалып тұрғанын қалаған азамат өз қаражатынан жасауда. Пікір білдірген дұрыс, дәйекті дәлелдермен көз жеткізіп барып айту қажет деп есептеймін!

Ал орталықтағы жиек тастары мен кеспе тастары, төсейді қажет етілетін өзге де әлеуметтік нысандарға беріледі. Аймақ халқы атынан осы иті бастамаларға қолдау білдірген жерлерімізге шексіз алғысымызды білдіреміз!

Құрметті депутаттар!

Бүгінде құрылғанына 85 жыл болған облысымыздың тарихи-мәдени және рухани даралығы күн өткен сайын өзінің мазмұнын байытып, Тәуелсіз еліміздің жылнамасынан өз орнын айшықтай түсуде.

Бізге мақтан ететін санғасырылық тарих бар. Тамыры терең төл шежіреміз – халқымыздың мәдени қодының өзегі. Оны жан-жақты зерттеп, ел елегінен өткізуге және барынша дәріптеуге қажетті жағдай жасауымыз керек.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Түркістан қаласында өткен ІІ Ұлттық құрылтайда «Мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеуіміз қажеттігі» атап өтті.

Өткен аптада облыстағы бірқатар киелі орындардың жағдайымен таныстым. Тарихтың қазі мен сырны толы Сыр өңірінің ісметті орындары – Қорқыт ата ескерткіш кешеніне, Қорасан ата, Оқшы ата және Марал баба кесенелеріне кәсіпкерлердің қолдауымен биылғы жылы қайта жаңғырту, айналасын абаттандыру жұмыстары басталмақ. Марал баба кесенесіне қоршау жұмыстары, реставрация және кесенеге дейінгі жолды жөндеу жұмыстарының есептемелері әзірленуде.

Алматылық «АБМ ГРУПП» компаниясының демеушілігімен Хорасан ата кесенесінің айналасын абаттандыру, жарықтандыру, қоршау, қоғамдық музей салу жұмыстары басталды. Жоба құны – 100 млн теңгені құрайды. Бұл жұмыстар облысымыздың 85 жылдығына орай тұрғындарға деген керемет тарту болады деп білемін. Облысымыздың мерейлі датасын кеңінен атап өту жоспарлануда. Мерейлі датаның визуалды біркелкілігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы лого/эмблема дайындалуда. Жалпы мерекелік шаралардың негізгі топтамасы қыркүйек-қазан айларында өткізіледі. Бұл – Сыр маржанына орақ түсіп, қамба астыққа толып, шаруа адамы ілтипатқа бөленетін кезең. Дәстүрге айналған Қызылорда қаласы күнімен ұштастыра отырып өткізу (қаланың негізі қаланғанына 205 жыл) шараға ерекше мән береді. Өткізілетін негізгі шараларға тоқтап өтсем:

Бірінші, аймақтың қоғамдық-саяси дамуы мен тарихи бастауларын кеңінен аша түсетін республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізу;

Екінші, облыстың 85 жылдық тарихын айшықтайтын «Қызылорда облысы: тарих, бүгін, болашақ» тақырыбында арнайы деректі фильм түсіру;

Үшінші, облыстың 85 жылдығына арналған (тарихи, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени бағыттар қамтылған) жоғары мазмұнды кітап шығару;

Төртінші, аймақтың көрікті жерлері бейнеленген «ФОТО КІТАП» әзірлеу;

Облыстың мерейтойын кеңінен атап өту тұрғындарды еңбек қандаты, өзара жәрдемдесу мен қолдау, азаматтық жауапкершілік құндылықтары негізінде біріктіріп, жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстарға оң серпін береді.

Құрметті депутаттар!

Енді, күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге көшсек.

Өздеріңізге белгілі, облыс бюджетінде айтарлықтай өсім бар. Қазіргі таңда облыс бюджеті 596,2 млрд теңгеге жетті (2023 жылдың 1 шілдесіне). Бұл 2022 жылғы бюджет көлемімен салыстырғанда (387,3 млрд теңге) 208,9 млрд теңгеге, яғни 53,9 пайызға артты. Бүгінгі сессияда бюджет көлемі бекітілген жағдайда облыс бюджеті 601,3 млрд теңгеге жетеді. Бұл өткен жылдың бекітілген бюджетінен 55,3 пайызға артық. Бюджеттің ұлғаюында қызылордалық Парламент депутаттарының және сала басшыларының үлесі зор. Бюджетіміздің 63,5 пайызы (378,4 млрд теңге) әлеуметтік салаға бағытталған. Біз қазіргі таңда тиісті мамандармен әлеуметтік салаға бағытталған қаржыларға толықтай зерделеу жұмыстарын бастадық.

Бюджет қаржыларының тиімділігін арттыру мақсатында облыстық мәслихаттың «Экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы» төрағасының басшылығымен құрамына мүдделі облыстық басқармалар өкілдері енген облыстық жұмыс тобы құрылып, ағымдағы жылдың мамыр айында 2023 жылға білім саласына бөлінген бюджет қаржысына зерделеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде ауқымды қаржыларды үнемдеуге мүмкіндік алудамыз.

Облыстың білім беру ұйымдарына бөлінген қаржының бюджеттік заңнамалар нормаларына сәйкестігі пысықталып, нәтижесімен жоспардан тыс қаралған қаржылар, яғни, 12,9 млрд теңге облыстық бюджетке қайтарылды. Бұдан бөлек, балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына қаржыландыру бағдарламасын іске асыру үшін 2023 жылға 7,1 млрд теңге бюджетке бөлінді. 2022-2023 жылдары тексеру органдары тарапынан бағдарламаның жұмыс жасауы барысына бақылау жасалынып, заңдылықтарға өзгерістер енгізілуіне сәйкес балалар саны 35 пайызға дейін қысқарды. Нәтижесінде 3,8 млрд теңге бюджетке кері қайтарылды.

Үнемделген қаржылардың барлығы аймақтың бірінші кезектегі мәселелерін шешуге жұмсалуда.

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 130-бабына сәйкес облыстық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп облыстық мәслихат сессиясында бекітілуі қажет. Назарларыңызға «2022 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы» мәселесін ұсынамын.

Тиісті заңдылықтарға сәйкес «2022 жылғы бюджеттің атқарылу есебі» тиісті органдармен (облыс әкімдігі, мемлекеттік аудит департаменті, тексеру комиссиясы) және облыстық мәслихаттың «Экономика, әлеуметтік және құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясымен» қаралған.

2022 жылы облыстық бюджетке 498 млрд теңге түсім түсіп, 100,1 пайызға немесе 647 млн теңгеге артығымен орындалды. Артық түскен көлем өз кірістеріміздің есебінен қалыптасты.

Енді облыстық бюджет түсімдерінің құрылымына келсек, оның 34,6 млрд теңгесі салықтық түсімдер, 6,0 млрд теңгесі салықтық емес түсімдер, 0,1 млрд теңгесі негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, 351,1 млрд теңгесі республикалық бюджеттен трансферттер мен несиелер, 106,2 млрд теңгесі басқалай түсімдер (аудандардан алатын трансферттер, бюджеттік кредиттерді өтеу).

Енді осы қаражаттардың игерілуіне келсек, жыл қорытындысымен оның игерілуі 99,8 пайызды құрады. Игерілмеген сома 1 млрд 206 млн теңге, оның ішінде республикалық бюджет қаржысынан игерілмегені 82,1 млн теңге, жергілікті бюджеттен 1 млрд 124 млн теңге.

Игерілмеген қаржы негізінен: 194,5 млн теңгесі «Су тасу қауіпін алдын алу мақсатында жерменарқау қолдану арқылы Қызылорда қаласы шегінде Сырдария өзенінің ар-

насын тазарту» жобасы бойынша келісім-шарттың мерзімінде бұзылмауынан; 129,7 млн теңгесі облыстық полиция департаментімен құрал-жабдықтардың уақытылы жеткізілмеуінен; 123,0 млн теңгесі облыстық білім басқармасы арқылы күрделі жөндеу, тауарлар мен құрал-жабдықтар жеткізу бойынша мердігерлермен міндеттемелердің орындалмауынан; 44,2 млн теңгесі облыстық құрылыс басқармасымен «Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектеп құрылысы» жобасы бойынша мердігермен жұмыстардың кеш орындалуы себебінен қалыптасқан. Бюджет қаражатын толық игермегендердің жауапкершілігі қаралып, тәртіптік шаралар көрілді. Жалпы бюджет қаржыларының игерілу деңгейі бюджеттік бағдарлама көрсеткіштеріне толығымен қол жеткізу арқылы бағаланады.

2022 жылы 21 облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің 7-уі бюджеттік бағдарламалар көрсеткіштерін толық орындамаған. Көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында бөлінген қаржының толық игерілуі бойынша облыстық басқармалар басшылары мен аудан, қала әкімдерінің жауапкершілігі артырылатын болады.

Ағымдағы жылы бюджет қаражаттарының қалдықтары өткен жылы аяқталмаған нысандарға, облыс экономикасының салаларында дамытудың жаңа басымдықтарына сәйкес міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды.

«2022 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы» мәселесімен қатар облыстық мәслихат комиссиясының қарауына «Қызылорда облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының» 2022 жылы орындалуы ұсынылған болатын. 2022 жылдың қорытындысымен жоспардағы 117 нысаналы индикатордың 81-і орындалып, оң көрсеткіштер қалыптасқан. Облыстың даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізу бойынша әкімдік қызметі тиімділігін бағалау қорытындысы 50 балдың ішінен 43,4 балды құрады.

Ендігі кезекте, облыстың даму жоспарының орындалу барысын біз белсенді ету бойынша шаралар қабылдаудамыз. Өткен аптада арнайы мәжіліс өткізіліп, бағдарлама әкімшілеріне тиісті тапсырмалар берілді.

Құрметті депутаттар!

Бүгін, облыстық мәслихат сессиясында 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетті 18,8 млрд теңгеге кезекті нақтылау мәселесі қарауларыңызға ұсынылды.

Бұл қаржылар облыстық бюджеттің кіріс көзін ұлғайту (4,9 млрд теңге) есебінен, бірқатар бюджеттік бағдарлама әкімшілері шығыстарының үнемделген және пайдаланылмаған қаржысынан (10,9 млрд теңге), және жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарын шығарудан (3 млрд теңге) қалыптасты. Енді бұл қаражаттар өңірдегі қажетті деген шешілуге тиіс мәселелерге қайта бағытталуда. Осылардың ішінде, облыс бюджетінің әлеуметтік бағыттылығын сақтай отырып, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет салаларының ағымдағы шығындарын қаржыландыруға 1,8 млрд теңге бағытталуда.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде республикалық бюджеттен қаржысы бөлінген инвестициялық жобаларды қоса қаржыландыруға 0,8 млрд теңге және сумен, электрмен жабдықтауға, алдағы жылы маусымна дайындық шараларын жүргізуге, әлеуметтік сала нысандарының құрылысын жүргізуге, жолдар салуға бағытталған инвестициялық жобаларға 11,2 млрд теңге қаржы жоспарлануда.

2023 жылы аймағымызда әлеуметтік кредиттік тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін облигациялық қарыздар есебінен «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы» негізінде 3,0 млрд теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздар шығару келісілді.

Бұл қаржылар жалпы саны 588 пәтерді құрайтын 7 тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға бағытталуда. Бұл мәселелер облысымызда кезек күттірмей шұғыл шешуді қажет етеді.

Халқымызда «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген жақсы сөз бар.

Быылғы жылы өздеріңізбен бірге бағыттында ауқымды жұмыстар атқарылып, оң нәтижелерге қол жеткізудеміз. Алдағы уақытта да атқаратын жұмыс ауқымы көп. Өздеріңізбен бірлесіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, еліміздің, аймағымыздың дамуы бағытында аянбай қызмет жасай берейік!

ШЫНЫ ЗАУАТЫ

- 2022 жылы 32 мың тонна шыны өндірілді
- 2023 жылдың 6 айы бойынша 6,2 млн. м² шыны өнімі өндірілді
- Өнім – республиканың барлық өңірлеріне сатылады
- Экспорт – Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Ресей

ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДІЛІГІН АЙЫҚ ШЫҒАРУ

АЙНА ШЫҒАРУ

ШЫНЫ ӨЙІМДЕРІН ШЫҒАРУ

6,7 млрд теңге

1,5 млрд теңге

24,6 млрд теңге

«ҮЛГІЛІ ЕЛДІ МЕКЕН» БАЙҚАУЫ

КОНКУРС ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТЕН

467 млн. тт

КОШЫ ТАҒЫМ

АССЕНЗАТОР МАШИНАСЫ

ЖОЛ ТАЗАУМАШЫ ТРАКТОРЫ

ЖОЛ ТАЗАУМАШЫ ТРАКТОРЫ

ЖОЛ ТАЗАУМАШЫ ТРАКТОРЫ

ЖОЛ ТАЗАУМАШЫ ТРАКТОРЫ



САПАР

ЖАУАПСЫЗ МЕРДІГЕРЛЕРГЕ ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың аудандарға сапары бейсенбіде Қазалыда жалғасты. Аймақ басшысымен бірге ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ақмарал Әлназарова, Руслан Рүстемов және Мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов аудандағы бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылысымен танысты.

Алдымен Нұрлыбек Машбекұлы Әйтеке би кентіндегі 250 орындық мектептің құрылыс алаңына барды. Мердігер «SCS инжиниринг» ЖШС жұмысты қазан айында аяқтайды деп жоспарлауда. Аймақ басшысы аталған мердігер компанияның тек осы мектеп ғана емес, облыста бірнеше нысан құрылысын кешіктіргенін сынға алды. Халық игілігіне бағытталған жауапты жұмысты мерзімінде, сапалы етіп аяқтау – мердігердің міндеті. Осыны ескерткен облыс әкімі сыннан қорытынды шығару керектігін айтты. Жоба құны 1 млрд теңгеден асады.

Айта кетейік, биыл ауданда апатты жағдайда деп танылған 1 мектептің мәселесі шешілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылынан 300 орындық мектеп бой көтермек. Мұнан бөлек, ұлттық жоба аясында кент пен қала ортасынан 600 орындық білім ошағының іргетасы қаланады.

Аймақ басшысы Әйтеке би кентіндегі 600 орындық мәдениет үйінің құрылысымен де танысты. Бас мердігер «Қаз Құрылыс Сервис» ЖШС нысанды биыл қыркүйек

айында пайдалануға бермек. Мұнда 80 адам жұмыспен қамтылған. Бұл нысанның да құрылысы бірнеше жылға созылған. Облыс әкімі мердігер мекеменің жауапсыздығы халыққа қажетті құрылыстардың мерзімінде аяқталуына кедергі келтірмеуі тиіс екенін қатаң ескертті. Биыл Кәукей ауылындағы 100 орындық клуб іске қосылады. Ал Бірлік, Майдакөл, Шөкен ауылдарынан 100 орындық клуб құрылысын салу үшін тиісті құжаттар әзірленді.

Мұнан әрі Абай ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысы назарға алынды. Мердігер «Аман-Құрылыс» ЖШС жұмысты шілде айында бастаған, қазан айында аяқтайды деген жоспар бар. Айта кетейік, мұндай амбулаториялар Бозкөл, Кәукей елді мекендерінде де салынбақ.

Аудандық аурухана ғимаратына жапсарлас 46 төсектік қосымша құрылыстың (МРТ бөлімі, кардиология және инсульт орталығы) жоба-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Мұнан бөлек, 25 төсектік инфекциялық корпус құрылысының жоба-сметалық



құжаттары да әзірленуде. Бұрынғы емхана (қазіргі Жетес би дәрігерлік амбулаториясы) және Ұлттық сараптама орталығы Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесі ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Нұрлыбек Машбекұлы «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Қ.Пірімов ауылындағы №92 мектепті күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Мектеп жана оқу жылына дайын болады.

Облыс әкімі Қазалы ауданына жұмыс сапарында Абай ауылын газдандыру және ауданның автокөлік жолдарын салу жұмыстарымен танысты.

Биыл Абай ауылында газ құбыры құрылысын бастауға аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысымен «Ремстрой» ЖШС жеңімпаз атанған. Жалпы ұзындығы 15,090 шақырымды құрайтын газ құбыры арқылы 195 тұрғын үй және 8 әлеуметтік нысан «көгілдір отынға» қосылмақ.

Мұнан бөлек, Ғ.Мұратбаев ауылынан жаңадан ашылған кварталда салынатын тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету (ауызсумен, газбен және электрмен жабдықтау) жобасы жүзеге асуда. Құрылыс жұмыстары сәуір айында басталып, 6 ай бойы жалғасады. Ауыл тұрғындары 15,3 шақырым ауызсу, 7 шақырым газ, 8,7 шақырым электр желілерімен, бәрін қоса алғанда 270 жер учаскесі инженерлік желілермен қамтылады.

Аймақ басшысы сапар барысында «Әйтеке би-Қазалы» аудандық маңызы бар автокөлік жолындағы қайта жаңғырту жұмыстарын көрді. Бас мердігер – «Стандарт Ойл КЭО» ЖШС жолды 4 жолақ етіп кеңейтіп, 2 темірбетон көпір мен 2 су өткізгіш құбырды қайта жаңарттады. Мұнан бөлек, жол бойына жарықшамдар мен аялдамалар орнатады. Жол құрылысы 2020 жылдың тамыз айында басталып, өткен

жылы аяқталуы тиіс болатын. Жұмыстың уақытында аяқталмауына байланысты сот шешімі шығып, қазір мердігер мекемеге мәжбүрлеп орындау міндеттелді. Нұрлыбек Машбекұлы жұмыс сапасын қадағалап, тез арада аяқтауды тапсырды.

Айта кетейік, биыл Қазалыдағы аудандық маңызы бар 4 автокөлік жолын орташа жөндеуге және 1 жолды қайта жаңғыртуға бюджеттен 1,2 млрд теңге қаржы қаралған. Әйтеке би мен Қазалы қаласы аралығындағы қайта жаңғырту жұмыстары биыл аяқталады деп жоспарлануда. Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр және Әйтеке би көшелерін қайта жаңғырту бастауға мемлекеттік сатып алу конкурстары өткізіліп, мердігер мекемемен келісім-шарт жасалды.

Мұнан бөлек, Әйтеке би кентінің 14, Қазалы қаласының 15, Ү.Түктібаев елді мекенінің 6 және Ғ.Мұратбаев ауылының 1 көшесін жөндеу жұмыстарына қаражат бөлінген

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



КАБЫЛДАУ

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына ерекше назар аударылған. Ондағы басты мақсат – халықпен тікелей қатынас орнату.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»



Мемлекет басшысының тұжырымдамасын жүзеге асыру бағытында бейсенбі күні «Аманат» партиясының қалалық филиалында облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов пен құқық қорғау органдарының басшылары қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға 30-дан астам азамат келіп, көкейдегі мәселені айтты. Сондай-ақ, тұрғындардың мәселесін тыңдауға қала әкімі Асылбек Шәменов және өзге де сала басшылары қатысты.

Жеке қабылдау барысында тұрғындар баспана мәселесі, жұмыссыздық, жәрдем түрлеріне, денсаулық, білім салаларына қатысты сауалдарын қойып түйінді проблемаларын жеткізді.

Қабылдауға жазылған барлық тұрғынның шағымдары толығымен тыңдалды. Көпшілігінің мәселелері ортақ, яғни, үй кезегінің баяу жылжуына қатысты болды. Бұл мәселені назарға алған қала әкімі 2005 жылы кезекке тұрғандардың үйі енді беріліп жатқанын және жұмысты жеделдету бағытында шаралар қабылданып отырғанын айтты.

Әр азаматты мұқият тыңдаған облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов тұрғындар өтінішінің кейбірін сол мезгілде түйінді тарақтып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырма берді. Ал кей талап-тілектеріне заң талаптарына сай зерделеп, жауап беретіндігін жеткізді. Алдағы уақытта келіп түскен шағымдарды өз қадағалауына алатынын айтты.

БРИФИНГ

ӘКІМ ГРАНТЫ: БОЛАШАҚҚА ЖОЛДАМА

Сыр жастарына биыл облыс әкімінің қолдауымен 100 оқу гранты тағайындалды. Оған отбасылық әлеуметтік жағдайы төмен және халықтың осал топтарынан шыққан талапкерлер қатыса алады.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Бұл туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Рабит Жанабаев өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Облыс әкімінің оқу гранты он жылдан бері тұрақты түрде тағайындалып келеді. 10 тамызда құжат қабылдау басталды. Оқу

құжаттарын аудандық және қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінде қабылдайды. Оған облыстық бюджеттен 85,2 млн теңге қаражат бөлінді. Білім саласы бойынша – 49, денсаулық сақтау – 15, су шаруашылығы – 8, ауыл шаруашылығы – 8, инженерлік – 4, электр



энергетикасы – 4, хореография – 3, құрылыс – 2, жерге орналастыру – 2, ақпараттық технологиялар

– 2, дін саласы – 2, азық-түлік өнімдерін өндіруге 1 оқу гранты бекітілді. Облыс әкімінің гранты – мемлекеттік грантқа іліге алмай қалған әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал топтарынан шыққан талапкер жастарға қолдау. Айта кетейік, соңғы он жылда еліміздің жоғары оқу орындарында білім алу үшін 1303 студент облыс әкімінің грантын иеленген болатын. Оның 881-і оқуын бітіріп, 406-сы жұмыспен қамтылған, – деді басқарма басшысы.

Тағы бір атап өтерлігі, оқу гранты қала мен аудандар арасында халық санына қарай бөлінеді.

БАСТАМА

ЕРІКТІЛЕР ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Облыста кейінгі жылдары волонтерлердің белсенділігі артып келеді. Енді еріктілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларға қосылып, ең бір күрмеулі мәселенің бірін шешуге ат салыспақ. Осыған орай кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында азаматтық қоғам өкілдері мен белсенді жастар қатысқан «Жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасының презентациясы өткізілді.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Ең алдымен жиында сөз алған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ернар Мақажанов бастау алған жобаның мақсаты туралы айтып, презентацияға қатысушы тұлғаларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға волонтер ретінде атсалысуға шақырды.

– 2020 жыл еліміздің тарихында ерекше мәнге ие. Себебі ол жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Волонтерлер жылы» деп жариялаған болатын. Бүкіл әлемде волонтерлер көмегімен көптеген іс жүзеге асып жатыр. Дүние жүзіндегі волонтерлер саны 1 млрд шегінде. Елімізде де еріктілер



өте белсенді. Сондықтан олар азаматтық қоғамда жемқорлықтың жойылуына қарсы күрес алады, – деді Ернар Әбсейітұлы.

Бұдан соң басқосуда департамент басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиков жобаның мақсаты, іске асу бағыт-

тары, мерзімі мен кадрлық қамтамасыз ету және басқару жөнінде баяндама оқыды. Іс-шара барысында жобаға қатысуға ниет білдірген жастардың тізімі жасакталып, алғашқы жұмыстар басталды.

Сондай-ақ жиынға «Әділдік жолы» Қызылорда облыстық филиалының басшысы Л.Бақ-

Одан бөлек, орталық атқарушы органдардың өңірлік департамент және өкілдікке қарасты басқарма басшылары да шарадан тыс қалған жоқ. Жемқорлыққа қарсы күрестегі тәжірибелер жөнінде айтылып, еріктілерді алдын ала әзірліктен өткізу жайы қозғалды. Осылайша тараптар басым бағыттарды айқындады.

Жиын соңында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен «Қызылорда волонтерлері» қоғамдық қоры жоба аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Жорабек Нұрымбетов, облыстық мәслихат депутаты:

«Сын ширатады, шындық онан да маңызды»



Облыстық мәслихаттың сессияларына тұрақты түрде қатысып, ақпараттандыратын болғасын, депутаттарды және олар көтеретін мәселелерді де саралай отырамыз. Бес саусақтың бірдей болмайтыны секілді депутаттар арасында белсенділері, һәм келіп-кетіп жүретіндері де бар. Әр сессияға тыңғылықты дайындалып, бес-алты, тіпті оншақты ұсыныс-сауалды бір-ақ жолдайтындары жеткілікті. Ондайларға қуанасың, тіпті, келесі жолы барғанда «Пәленше бүгін нендей мәселелер көтереді екен?» деп отырасың. Мүмкін, ол әр адамның өзіне жүктелген міндетті, жауапкершілікті сезіне, түйсін алғандығынан болар, әлде өмірде көрген-білген, жиған тәжірибеге байланысты ма екен? Тіпті азаматтық болмысы, ұстанған қағидасына қатысты шығар? Не десек те, халық пен билік арасындағы дөңкер депутаттың сергек, мәселені дер кезінде көре де, жеткізе де білетін, жеткізіп ғана қоймай, оның шешілуіне ықпал ететін іскер болғаны жақсы.

Сондай белсенді депутаттың бірі, «ҚазСуШар» РМК Қызылорда филиалының «Қызылордасушар» өндірістік учаскесінің басшысы – Жорабек Нұрымбетов. Ұстанымы айқын, өзіне сенім артқан тұрғындар алдында жауапкершілікті жақсы сезінетін азаматпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Жорабек Ибрагимұлы, білдім, сіз облыстық мәслихаттағы «өтілі» көп депутаттың бірісіз. Бастауы қай жылдан?

– Иә, рас айтасыз, 2007 жылдан бастап депутаттық міндетті атқарып келемін. Үш рет қалалық, екі рет облыстық мәслихат депутаты болып сайландым. Былайша айтқанда, тәжірибелі депутатпын.

– Депутаттық мүдденің басты көздегені не деп ойлайсыз?

– Депутат халық пен билік арасындағы көпір деп жатады ғой, менің де мақсатым – елдің мәселесін, олардың ойын, ұсынысын, өтінішін билікке жеткізу және сол мәселені орындауына, іске асырылуына атсалысу. Жаңа айтып өткенімдей, 2007 жылдан бастап қалалық мәслихат депутаты болдым. Ол кезде Тасбөгет, Киров, КБИ аумағынан сайландым. Ол қаржының тапшы кезі. Еесіне, елді мекендерде әлеуметтік проблемалар баршылық еді. Мәселен, мектептердің шатыры тозған, қабырғалары ескірген. Қазіргідей жан басына шаққанда қаржыландыру деген жоқ. Сол уақытта өзім сайланған округ бойынша КБИ шағын ауданындағы мектептің мәселесі өте күрделі болды. Бұрынғы қазарманы мектеп ретінде пайдалануға берген, ал ол ешқандай талапқа сай келмейді. Осыған байланысты халықтан көптеген арыз-шағым, өтініштер түсетін.

Осыны қалалық мәслихатта, онан кейін облыстық мәслихатқа келгенде де қайта-қайта көтеріп жүріп, тіпті республика деңгейіне дейін құзырлы органдар назарына ұсынып, жана мектеп салуға қол жеткіздік. Бұдан басқа да бірнеше білім ордасының төбесін жанарту, күрделі жөндеу жүргізілуіне атсалыстық. Су маманы болғандықтан ауызсу мәселесіне де көп көңіл бөлемін. Өйткені біздің өңір 55-60 пайызға дейін даярианың суын пайдаланып келдік. Тазалау қондырғысын қойғаныммен ол тұтас қаланы қамтуға қауқарсыз болды. Сондықтан сапасыз ауызсу тұтынуға мәжбүр едік. Осы орайда басқа да депутат әріптестеріммен бірге мәселені қайта-қайта қозғап, облыс басшылығы қолдау білдіріп, арнайы бағдарлама дайындалды. Соның негізінде Қызылорда қаласын таза ауызсумен қамтуға жұмыс жасалды. Оның ішінде КБИ шағын ауданында 5 скважина қазылып, сужинағыш салынды.

«Қызылжарма» жерасты суы арқылы сапалы ауызсумен қамту туралы ойымды айтып, ол жүзеге асырылды. Одан бөлек, облысқа келген соң Тасбөгет кентінің жолын жөндеу туралы мәселе көтердік. 25 мыңдай тұрғыны бар кентте жолдың бәрі 50 жылдан бері жөндеу көрмей, әбден тозығы жеткен. Осы мәселені облыс әкіміне жеткізіп, ол кісі қолдап, 987 млн теңге қаржы бөлініп, 16 көше жөнделіп, жарықтандырылды. Бұл 2018-2019 жылдар болатын.

Белкөздегі аспалы көпір де сондай табанды жұмыстардың арқасында салынды деп айтуға болады. Ол жерде тұрғындар теміржолды аттап өтіп, қатынайтын. 13 теміржол линиясы бар екен. Теміржолды кесіп өту кезінде талай мәрте адам шығыны да болып, түрлі оқиғалар орын алған. Осы мәселені көтеріп тіпті республикалық теміржол мекемесінің басшысына дейін бардым. Ол жақтан рұқсат алып, республикадан қаржы қаралды. Бірақ сол жылы іске аспай қалып, қаржы қайтарып алынды. Биыл толық жүзеге асырылды. Айта берсек осындай жұмыстар көп.

– «Жаңа Қазақстан» деп жатырмыз, бұл тұрғыда пікіріңіз қандай?

– Өзіңіз білесіз, қала және аудан әкімдері айына бір рет, облыс әкімі тоқсанына бір ауылдарды аралап, тұрғындармен кездесіп тұр, яғни, халық өздері-ақ мәселелерін әкімдерге жеткізіп отыр. Демек, депутат – қазір халық пен билік арасындағы көпір болудан қалды, яғни, қазір депутаттар тұрғындардың мәселелерін, өтініштерін билікпен бірге жүзеге асырушы. Мен «Аманат» партиясынан сайланғанмын. Соған байланысты республика, облыс бойынша сайлауалды бағдарлама әзірленіп, жол картасы жасалынған. Онда халықтың өтініш-тілектері, ұсыныстары қамтылған. Біз енді соны орындауымыз керек. Бұрын депутаттар белгілі бір округтен сайланғандықтан, сол жердің мәселесін ғана айналыса, қазір партиялық тізіммен сайланған депутаттарда ондай жоқ. Біз ана басы Аралдан, мына басы Жаңақорғанға дейін партияның сайлауалды бағдарламасында уәде берілген жұмыстардың жүзеге асырылуын қадағалаймыз, оның орындалуына атсалысамыз.

Әрине, бірмандатты сайланғандар да бар, бірақ олардың да бағдарламалары сол сайлауалды бағдарламаға кіріп отыр. Қазіргі жаңа Қазақстанның бізге тән қызметіндегі өзгерістер осындай. Өздеріңіз білесіздер, облыстың бюджеті жыл сайын артып келеді. Өз басым бес шақырылымның депутатымын, қазірге дейін мұндай қаржыны көрген емеспіз. Мәселен, биыл облыстың бюджеті 600 млрд теңгеге жуықтады. Бұл – өте көп қаржы. Сол қаржының тиімді жұмсалып, жұмыстардың сапалы орындалуын қадағалауымыз керек. Әрине, өмір болған соң түрлі жағдайлар болады. Қымбатшылық тағы бар. Соған қарамастан уәде етілген жұмыстар сапалы жүзеге асырылуы керек деп ойлаймын.

Коммуналдық қызметтер бағамының қымбаттауына жол бермеу мақсатында да бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Сапалы ауызсумен қамту бағытында да ауқымды шаралар бар. 98 пайыз қамтылған, бірақ аймақ басшысы 2025 жылға дейін 100 пайызға жеткізу туралы айтты. Ауылдарды газдандыруға, аяқсумен қамтамасыз етуге байланысты да нақты жоспарлар бекітілген. Қазір бұрынғыдай емес, халық жеке басының емес, қоғамның мүддесін, елге пайдасы тиетін мәселелерді көтереді. Әрине, бірлі-жарым бар. Ондай кезде депутат жеке адамның пайдасы үшін ғана жұмыс істейтінін, елге, қоғамға ортақ мәселелермен айналысатынын айтып жүреміз.

– Қазір депутаттарға деген қоғамның көзқарасы әркілі. Оны әлеуметтік желілерден өздеріңіз де байқайтын шығарсыздар. Әсіресе, жоғарыда отырған «халық қалаулыларына» деген көптің ренішін, сенімсіздігін жоққа шығара алмаймыз. Қандай пікірдесіз?

– Дұрыс айтасыз, өкінішке қарай солай болып тұр. Жоғарыдағы депутаттарға көзқарас дұрыс бол-

мағандықтан біз де сырт қалмаймыз. Депутат болып сайланғанда бізге бір тиын ақша төленбейді. Депутат болуға талаптанған адам қоғамға пайдамды тигізсем, халықтың мәселесінің шешілуіне атсалысам деп келеді. Көбісі солай енді, мүмкін арасында жеке мүддесін ойлайтын бірлі-жарымы бар шығар. Бірақ қазір әлеуметтік желінің дамыған уақыты, әр ісін, әр қадамын жұрттың көз алдында.

Өткенде бір кездесуде блогер менен «Бәйтеректегі салынып жатқан мектеп биыл пайдалануға беріле ме, сіз не айтасыз?» деп сұрады. Сонда бір кісі «Онан несіне сұрап жатырсың, ол не шешетін еді?» деді. Осы сөз маған қатты әсер етті. Ол жерге мен төрт-бес мәрте барып, жағдайды зерттедім. Мердігермен бетпесте ойлестім. Анықтағанымдай, мердігер ақшасын басқа нәрсеге жұмсап қойып, құрылысқа қаржы таппай отыр. Тапсырыс берушімен де кездесіп, сөйлестім. Ол туралы хаттама да жасағанбыз. Сондықтан біздің тарапымыздан не істелуі керек, соның бәрі жасалды.

Шынымды айтсам, өзіме деген халық тарапынан мұндай сұрақтардың қойылғанына қуанамын. Өйткені мен әкім емеспін, қолымда қандай да бір билік не ақша жоқ, бірақ депутат ретінде жауапкершілік жүктеп, талап етіп жатқаны қуантады. Сын ширатады, бірақ шындық онан да маңызды.

– Депутаттардың көбінің қызметі не кәсібі бар. Олардың қол астында қаншама адам еңбек етіп жатыр, соған қарамастан депутаттық міндетті алып жүр. Депутат деген – қоғамдық жұмыс, халықтың аманатын арқалау ғой. Екеуі бір-біріне кедергі келтірмей ме?

– Дұрыс айтасыз, негізі үміткер депутаттыққа ойланғы баруы керек. Көбісі бизнестегі кісілер, олардың жұмысы үнемі қауырт. Бір құн жұмысына көңіл бөлмесе, түсетін қаржы азайып қалады. Дегенмен халыққа қызмет жасаймын деген азамат қашан да уақыт табады. Ал біз секілді басшылық қызметтегілер жұмыс кестемізді алдын ала реттеп қоямыз. Мен өз басым солай істеймін.

Жұмыс таңертең 9.00-де басталатын болса, мен 7.30-да кеңседе боламын. Жоғарыда айтып өткенімдей, бізге депутат болғанымыз үшін ақша төленбейді. Бірақ азамат ретінде халықтың жауапкершілігін арқалап, қоғамға қызмет етсек деген ниет. Біреулер ойлайтын шығар, депутаттық төбелгі тағып, қол көтеріп отырса болды ғой деп, мүлде олай емес! Қазір халықтың көзі ашық, соған сәйкес талаптары да жоғары, сондықтан ондай бейқам жүріске жол бермейді.

– Депутаттық сауалдарыңыздың ішінде қолдау таппай, аяқсыз қалғаны бар ма?

– Өмір болғаннан кейін ондай болып жатады. Бес-алты жыл берінде Тасбөгет кентіндегі №4 емхананы басқа ғимаратқа көшіру мәселесін көтеріп келе жатырмын. Бұл емхана бұрынғы пошта ғимаратында отыр. Ешқандай талапқа сай келмейді. Осы мәселені мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салуды көтердім. Республикаға да шықтым. Бірақ сол кездегі облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы «жаңа ғимарат салып, ақша құртқанша, босап жатқан аурухананы сол емханаға берейік» деп әкімге ақыл айтқан ғой. Әкімге барсам, солай деп отыр. Мен жақсы дедім.

Арада екі жыл өткенде мәселені қайта көтердім. Сөйтсем, ол аурухананы босату үшін, оны бұрынғы балалар туберкулез ауруханасына көшіру керек екен. Ал ол үшін оған жөндеу жұмыстары жасалуы тиіс. Оны жөндеу үшін 500 млн теңге қаржы керек! Ау оған осындай қаржы жұмсағанша, неге жаңасын салмаймыз. Міне, осы мәселені бір жақты ете алмай жүрмін. Бірақ бұл мәселе төңірегінде жұмыс жалғасуда.

– Қолдау табуына тілектеспіз. Ашық әңгімеңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ЕРТЕҢ – ҚҰРЫЛЫСШЫ КҮНІ

ЖАСАМПАЗ КӘСІП ЖАНДАНУДА



Тамыздың 2-жөксенбісі – Құрылысшылар күні. Зәулім ғимараттар, тұрғын үйлер, сәулет өнерінің төндессіз туындылары, ауруханалар, мектептер, балабақшалар мен мыңдаған шақырым жолдарда құрылысшылардың еңбек іздері жатыр. Қазір құрылыс саласы жылдан-жылға дамып, сәулетші, жобалаушы, инженер, тас қалаушы, сылақшы, тағы басқа да өз жұмысының майталмандары экономикамыздың өркендеп, әлеуметтік жағдайдың жақсаруына оң ықпалын тигізуде.

Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Әуелден адамзат баласымен бірге келе жатқан жасампаз кәсіп – құрылыс. Бүгінде аймақтағы құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылардың еңбегі ерен. Сонау Қамысқаладан бүгінгідей әсем де көрікті, түрлі әлеуметтік нысандары бой түзген заманауи облыс орталығы болуы – құрылысшылар легінің мезгілдік ыстық-суығын елемей, күн-түн демей атқарған игі ісінің нәтижесі.

Әлеуметтік нысандар көбейеді

Құрылыс – бұл жай ғана мамандық емес, бұл жасампаздық күштарлық. Аймақтың құрылыс саласындағы ауқымды жұмыстарды алға жылжытып, сапасының артуына құрылыс саласы ардагерлерінің өмірлік тәжірибелері де зор үлес қосуда. Олардың бірқатары әлі де құрылыс саласында еңбек етіп, «Ата өнері – балаға мұра» деп жастарға ақылшы болып, ұлағат көрсетуде.

Иә, биыл Сыр өңірінде мемлекеттік бағдарламалар және өзге де санаттағы көптеген әлеуметтік нысан салынбақ.

– «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары облыста 27 денсаулық сақтау нысаны бой көтереді. Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсек-орынды көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Жобаның жалпы құны – 36,4 млрд теңге, – деген болатын аймақ басшысы.

Мұнан бөлек, облыс орталығында 200 төсек-орынды перинаталдық орталық салынады.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында да алдағы 3 жылда облыста 15100 орынға арналған, құны 100 млрд теңгеден асатын 21 мектеп бой көтермек. Биыл 10 мектептің құрылысы басталады.

Өткен жылдың желтоқсан айында ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде аймақтың өзекті мәселелері көтерілген еді. Сол жолы Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатын салу «Білімді қолдау қоры» қаражаты есебінен қаржыландырылатын болып шешім тапты, бүгінде құрылыс басталды. Жобаның жалпы құны – 7,9 млрд теңге.

Үкімет басшысының алдында көтерілген тағы бір мәселе – сол жағалаудағы көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы. Жергілікті бюджет есебінен жобаметалық құжаттама әзірленген. Жоба құны – 6,9 млрд теңге.

Аталған тізімге облыс бойынша 1775 орынға арналған 4 мектептің қосымша құрылысы енгізілген. Құрылыс жұмыстары 2023-2024 жылдары аяқталады.

Айта кетейік, өңірде өзге де әлеуметтік нысандар салынууда. Атап айтқанда, құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Неке сарайы» жақында пайдалануға берілмек. Жалпы құны 3,7 млрд теңге болатын 1000 орындық «Өнер орталығы» желтоқсан айында, ал сол жағалаудағы құны 2,7 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығы» 2024 жылы іске қосылады.

Тұрғын үй – халық игілігі

Тұрғын үй саласы да тұрақты дамуда. Биыл Сыр өңірінде 130 мың шаршы метр болатын 1924 пәтерлік 36 көпқабатты тұрғын үй құрылысы салынууда.

– Халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін қалайды орта құру мәселесі басты назарда. Өңірімізде биыл 1430 пәтерлік 30 тұрғын үй халық игілігіне беріледі, – деді облыс әкімі.

Тұрғын үй салудан бөлек, өңірде тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым жүйелерін дамыту жобалары да қарқынды жүзеге асуда. Облыс халқының 98,1 пайызы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізуге жұмыстар жасалуда.

2023-2026 жылдар аралығында «Байқо-

ныр қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау» жобасына 12 млрд теңге қарастырылууда.

Өткен жылы 6 ауыл «көгілдір отынға» қосылып, халықты газдандыру деңгейі 70 пайызға жеткен. Биыл 12 елді мекенді газдандырып, соң бұл көрсеткішті 75 пайызға жеткізу жоспарланған.

Терминалдағы еңбек тәртібі

Қаладағы ең танымал құрылыстың бірі – әуежай. Иә әуе қатынасы – облыстың әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне тікелей әсер ететін негізгі саланың бірі. Осыған орай, «Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен Сыр өңірінде Қорқыт ата әуежайының жана терминал құрылысы қарқынды жүргізіліп жатқанын бұған дейін де талай жазған болатынбыз. Құны 33 млн АҚШ долларын құрайтын заманауи үлгідегі жана нысанның жалпы аумағы 3,9 гектарды құрайды. Жаңа терминалда жолаушыларға халықаралық стандарт талаптарына сай барлық жағдай қарастырылған. Жоба бойынша аталған нысан 2024 жылдың мамыр айында ел игілігіне беріледі. Осында қызмет жасап жүрген құрылысшылардың қатарында өңір азаматтары да баршылық. Жобаның бас мердігері «Elite Insaat» мекемесінің бас администраторы, құрылысшы Рүстем Мелибаев.

– Мен 1991 жылы дүниеге келгенмін. «Сырдария» университетінің түлегімін. Түркістан, Астана, Алматы, Екібастұз, Қызылорда және Ресей қалаларында ауқымды құрылыс жұмыстарын жүргіздік.

Қазіргі таңда, жана терминалдың құрылыс жұмыстарына 300-ге жуық адам тартылды. Оның 35 пайызы қызылордалық. Ал жоба толығымен аяқталғаннан кейін 64 жана тұрақты жұмыс орны ашылады. Жаңа ғимарат пайдалануға берілген кезде көлік саласының көрсеткіштері бірнеше есеге артап, Қазір барлық құрылысшыларға жеткілікті жасап жүрмін, – дейді.

Жана әуежай терминалының құрылысы биыл ақпан айында басталған болатын. Нысандың құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес орындалуда. Ауқымды жобаға тапсырыс беруші – «Болат Өтемұратов қоры» жеке қорының қаржыландыру есебінен «Accent Development Solutions» ЖШС. Ал жобаның бас мердігері – «Elite Insaat» және «Ava Construction» ЖШС.

– Бұл әуежай терминалы Қызылорда облысының экономикалық және инвестициялық жағдайын көтеруге он әсерін тигізеді деп ойлаймыз. Жана терминалдың құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін әкімшілік балансына толықтай берілетін болады. Әуежай көлемі 7,5 мың шаршы метр болса, терминалдың өзі 2 қабатты болып құрылады. Сондай-ақ, бұл нысанда жолаушыларға жоғары сапалы қызмет көрсету үшін соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылады. Сонымен қатар мұнда халықаралық және жергілікті рейс қатынайды. Мекеме мен құрылысшылар атына кір келмес үшін өте ұқыптылық пен мұқият қадағалаумен жұмыс жүріп жатыр. Себебі біз салып жатқан әуежай болашақ Сыр елінің бренді болады деп ойлаймыз, – дейді Р.Мелибаев.

Әуежайға арнайы барып, құрылыс алаңын аралағанда қызу еңбекті көрдік. Жаңа жолаушылар терминалының ғимараты Қызылорда қаласындағы қолданьста тұрған әуежайдың аумағына жақын орналасқан екен. Бірнеше тілді білетін Рүстемнің түрік, өзбек, орыс тілдерінде сөйлеп, барлық құрылысшының тілін тауып жүргенін байқадық. Қазақшасы да мұнда орындалады.

– Аталған ғимарат ерекше көрікті архитектуралық стильде жасалды. Сонымен қатар әуежайдағы бірінші қабаттың биіктігі шамамен 8.0 метрді, ал екінші қабаты 6 метрді құрайды. Ғимарат қаңқасы металл құрылымдарымен жабдықталған. Бұдан бөлек, жана әуежай терминалында тіркеу орнының аймақтары, жалпы күту залы, билет кассаларының дүңгіршектері, қоғамдық тамақтану орындары, дербес тіркеу тіректері, намазхана, ана мен бала бөлмесі, трансферлік жолаушыларға арналған зал болады, – деді бас администратор.

14 ТАМЫЗ – МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және оның тиімділігін арттыру мақсатында Үкіметтің 2014 жылғы №1000 қаулысымен Қаржы министрлігі Салық комитеті және Көдендік бақылау комитеті бірігу жолымен, сондай-ақ, таратылған Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінен қаржылық және экономикалық қылмысты тергеу функциясын беру арқылы ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті құрылды. Осыған байланысты 14 тамыз – Мемлекеттік кірістер органдарының құрылған күні болып белгіленді.

Салық және кеден саласын біріктірудегі негізгі мақсат – қазақстандық тауарлар мен қызметтердің, сонымен қатар еліміздің шекарасынан кірген әрбір тауардың соңғы тұтынушыға дейінгі сатылу аралықтағы барлық қозғалысын, яғни сол тауарға салынатын салықтың түгелдігіне бақылау жүргізу. Біздің ұжым кәсіби мерекені табысты қарсы алып отыр.

Бүгінгі күнге облыс бойынша 11943 заңды тұлға және 800 239 жеке тұлға, оның ішінде 69480 дара кәсіпкерлер тіркеліп жұмыс жасауда. Осы есепке алынған салық төлеушілерден 2023 жылғы 7 айдың қорытындысымен шоғырландырылған бюджетке нақты 213,4 млрд теңге қамтамасыз етіліп, өткен жылмен салыстырғанда түсімнің өсуі 115% құрап, 27 млрд теңгеге артты.

Өткенге ой салсақ, сонау 1994-1995 жылдары салық төлеушілерді салық инспекциясына шақыру арқылы тіркеу жүргізіліп, заңды және жеке тұлғаларға жеке нөмірі белгіленген парақ таратылғанын білеміз. Бұл салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеуге алудың бірінші рәсімі еді. Бұл жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен мекемелердің жекешелендіріліп, бірқатары таратылып, жабылып, айлық, зейнетақы уақытылы беріліп, жалпы экономикалық дағдарыстың әсерінен әлеуметтік қорғалудың төмендеген кезеңі еді. Халықтан салық жинаудың өзі өте қиындықпен жүрді. Әрбір салық төлеуші жиналған қаржы жәрдемақы, өтемақы, зейнетақы болып қайтағындығы түсіндірілетін еді. Қазіргі таңда мемлекеттік кірістер органдарының ақпаратты жүйелері дамыды және салықтық, кедендік әкімшіліктің тиімді, әрі үйлестіруші құралы болып табылды.

Қызметкерлердің салық төлеушілермен тікелей байланысын азайту мақсатында мемлекеттік қызметті электронды форматта көрсету жолға қойыла бастады. Оның бір дәлелі – осы жылдың 7 айында 439 381 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 99,7% немесе 438 100-і электронды жүйемен, 0,3% ғана немесе 1281-і қағаз түрінде көрсетілген.

Елімізде бірнеше жылдан бері салықтық бақылауға арналған Тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді. Мұнда салық төлеушілерді санаттап, тексеру жоспарларын қалыптастырады. Сондай-ақ, ауқымды талдаулардың нәтижесінде «бір күндік» фирмаларды анықтап, оларға жалған шот-фактура жазуға жол бермеу іс-әрекеттерін қолданады.

Өңірімізде 2019 жылы тәуекелі жоғары салық төлеушілер саны 1 574 болса, бүгінгі күнге 549-ды құрап отыр немесе 65% төмендеді. Бұл – түптеп келгенде, әділеттілік принципіне негізделген жүйе. Әрбір кәсіпкер тұлға қызметінің деректері айқын және соған орай ол белгілі бір жеңілдіктерді пайдалана алады немесе белгілі бір бақылаудың түрлеріне алынады және салықтық тексеру азаяды. Мысалы, салықтық тексерулер өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 33% азайып отыр.

Жалпы, салықтық және кедендік әкімшілендірудің тиімділігін арттыру мақсатында департамент арқылы 25 «мақсатты топ» құрылып, нәтижесінде мемлекеттік бюджетке 9,6 млрд теңге қосымша резервтер анықталып, өндірілді. Бұл өткен 2022 жылмен салыстырғанда 3,5 млрд теңгеге артық.

Сонымен қатар, бюджет түсімін арттыру мен еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 975 кедендік құнды түзету жүргізілді. Нәтижесінде, бюджетке 240 млрд теңге кедендік түсімдер қосымша өндірілді.

Бір сөзбен айтқанда, бұл жетістіктер мемлекеттік кірістер органдарының күнделікті мақсатты да қарқынды жұмыстарының нәтижесі деп есептеймін.

Ғани АМАНОВ,
Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысы



Сөйле, сөйле жүрек тілі, жыр тілі

Өмірден ерте озған ақын Серік Дінахметов туралы ой

Адам баласының мына жалғанға қонақ екені белгілі және осы пәниде келген-кеткені белгісіз болып өтіп жатқандар да бары, тірлігінде аузымен құс тістегенмен бақилыққа аттанғаннан кейін елі ғана емес, ағайын-туысының өзі ұмытып кететіндер де бары жасырын емес. Сол сияқты жарқ етіп көрініп, енді ғана шығармашылық әлемінде толыса бастаған тұста өмірден озған қаншама жан бар, бұл да ақиқат. Алланың ісі, бұйрық қой дейміз де қоямыз. Бүгін сондай бір азамат туралы баян етпекпін.

Онымен 1976 жылы таныстым, танысуымыздың өзі қызық болды, қанша жерден жоспарласаң да мұндай кездесулер болмауы мүмкін. ҚазҰУ-дің журналистикасы, не филологиясы болмаса басқа оқу орындарына мойын бұрмай, совхозға қажет мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына келген жолдамаларды да алмай жүрген кез еді. Қыркүйек айы болғанмен Аралда күн күйіп тұр, үйден шығу мүш. Осындай күндердің бірінде совхоз комсоргі, ақын Сағынай Ешекенов: «Бала! Жарасқан ағаң Аралға келіпті, сөлем беріп қайтты», – дегенін Шижарғамен екі ортаға қатынайтын автобуспен тал түсте қалаға топ ете қалдық. Жәкең қонақүйде екен, ол кездегі қонақүй көкбазар маңындағы 1930 жылдары салынған бір қабатты үйде еді. Ағам екеуіміз Сатылдань дүкеніне соғып, оны-мұны алып, Жәкең келсе, жанында ақын Серік Сейтмағанбетов бар екен, әңгіме-дүкен қызып жүре берді. Алайда, Жарасқан аға алаңдауды, әлсін-әлсін сағатына қарап қояды. Осыны байқаған Сағынай аға: «Жәке! Бір жаққа асығып отырған жоқсың ба? Біз келергі жасап отырған жоқпыз ба сізге?» – деп сұрады. «Жо-о-оқ, О не дегендерің... Тек бір жігіт келемін деп еді... Жақсы өсіп келе жатқан ақын... ҚазҰУ-дің жұрпағінде еді... сонысы дұрыс болмай... Қазір Райымда, Қызылжарда... талантты жігіт... О жақтан Қамбашқа дейін мотоциклмен келеді ғой. Күн мынау күйіп тұрған...». Сол кезде маған «Апыр-ау мынау не деген бақытты жан, ҚазҰУ-де оқыса, Жарасқан ақын алаңдап күтіп отырса...» – деген ой келді. Сонымен, ол келді. Таныстық. Біраздан соң ағалар редакция жаққа барып келмекке кетті, екеуіміз қонақүйде қалдық, бөліме ішін реттеу, тоназытқышқа оны-мұны әкеліп қою деген сияқты міндеттер бар жүктелген, іске кірістік. Қалқан құлақтау келген сары жігітпен әңгімеміз жарасты, ол студенттік өмірді жыр қылды, мен оқуға түсе алмағандымды айттым. Жылдарды жылдар алмастыра зымырап өтіп жатқан уақыт-ай десенші... Сол жігіт – өмірден ерте озған ақын Серік Дінахметов еді.

Сол кездесуден кейін біз бір-екі рет қана жолықтық, әңгіме тағы да әдебиет, өлең нөнірінде болды. Елге оралып, комсомол қызметіне келгенімде ол «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігі комсомол комитетінің хатшысы Аманкелді Дәрібаевтан сөлем айтты, маған кездеспекші екенін жеткізді. Алайда, сұм ажал оған жеткізбеді, біз кездесе алмадық. Осыдан төрт-бес жыл бұрын ол туралы студенттеріме әңгімелеп отырғанымда Расул Әлімжан есімді жігіт: «Ағай, мен оны білемін. Бауырларымен қатысамыз, кітабын да шығара алмай кетті ғой» дегені. Міне, бүгінгі баянымдағы суреттер мен көркем шығармалардың біразы Расулдың маған әкеп бергендері. Онысы мендегі мәліметтерді толықтыра түсті, оған алғыс айтамын.

Серік Қарасайұлы Дінахметов 1955 жылы 23 ақпанда Арал ауданындағы Қызылжар ауылында дүниеге келген. Табиғаты керемет,

қазақ қаламгерлерінің атом бомбасына қарсылығы тарихы әріде екенін көрсетуде.

«Жүректен шыққан жүз бір жол» атты айдар тағып,

«Прометей тұтынатын От беріп еді адамға, Атом бомба ұсынатын Тап келіпін заманға!» – деген эпиграфы бар «Тасташы адам қаруды!» атты публицистикалық толғауды Серік Дінахметов Ақтөбе



Болашақ журналистер. Студенттік жылдар. Отырғандар: оң жақтан бірінші – Серік Дінахметов, екінші – Бақтыбай Бердібаев, қалған екеуінің есімдері белгісіз. Тұрғандар: Оң жақтан бірінші – Жұматәлі Әбдіраман, екінші – Жұмабай Әбілов, үшінші – Марат Жүрсінбаев

негізгі кәсібі – балықшылық болып келетін ауыл Райым көліне жақын орналасқан. Мектеп мұғалімі Қарасай Дінахметов отбасында өмірге келген бала әке ізін қуып, кішкентайынан-ақ сөз өнері ауылына бағыт алған еді. Сол ауылдағы №81 сегізжылдық мектепті, онан соң Арал қаласындағы №13 орта мектепті 1972 жылы бітірген Серік 11-12 жасында-ақ «Қазақстан пионері» газетінің штаттан тыс тілшісі атанған болатын. Ол 1968 жылы газет жолдамасымен Қырымда «Артек» пионер лагерінде демалды. Иә, Қырымда болуы оның шығармашылығына да біраз әсер еткен болатын. Мектепті бітірісімен Алматыға барып, ҚазҰУ-дің журналистика факультетіне оқуға түскен ол кейін сырттай оқуға ауысты. Еңбек жолын республикалық «Лениншіл жас» газетінде тілші болудан бастап, кейін М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында, М.Лермонтов атындағы орыс драма театрында қызмет атқарып, «Теміржолшы», «Болат жол», «Стальной магистраль» газеттерінде тілші болып еңбек етті.

Оның «Қырым, Қырымбек және мен» повесі, «Сұлу қыз бен семсер», «Үлкен жолдың кішкентай жолаушысы», «Жырма бес жасар депутат» очерктері, «Шөлмек сауған сиқыршы», «Тойымсыздың тобасы» «Қатырды» атты фельетондары уақытында оқырмандардың ықыласын иеленген болатын.

Өлең өнерінде өзіндік жол іздеген Серік қаламынан туған «Тасташы адам қаруды!», «Өлеңнің биік мақсаты», «Достықтың өзі бір ерлік», «Өзімді таныстыру», «Жүрек бер маған!», «Дөңбек пен Мүсінші», «Үйрену керек Аралдан», «Сап-сап ақыл», «Ұстаз көзімен», «Табиғат нота жолдайды» атты өлеңдері кезінде мерзімді басылымдарға жарияланған болатын.

Қазіргі кезде атом қаруынан бас тарту қазақ елінде тек 1989 жылдардан басталады деген ой айтылуда. Серік шығармашылығы оның бұдан бұрын басталғанын,

қаласында «Болат жол» газетінде қызмет атқарып жүрген кезде, 1984 жылдың 29 мамырында жарияланған екен. Шығарма үш бөлімге бөлінген, бас-аяғы 25 шумақ. Осының өзін ішкі үш желіге бөле ойды анық жеткізуге тырысуы ақын талғамы мен өлеңге адалдығының көрінісі сынды.

Бірінші бөлімде соғыс қасіреті, әлем елдеріндегі соғыс өртінің адам баласына, тіршілік атаулыға зардабы өлең өрнегіне түссе, екінші бөлімде ақын жер тағдыры, ел тағдырын ана тағдырымен тұтастыра жырлап, Ана-Жер-Ана қорытпа ұғымы деңгейіне көтереді, үшінші бөлім қарусыздану ойын жеткізеді.

Қатуланса – кешірімі жок адам, Райланса – шапан жапқан оқадан.

Оң қолымен соқа соқса семсерден, Сол қолымен семсер соққан соқадан.

Жайып салып алақанға Әлемді, Күн-философ, салыстырар, әр елді.

Ұлылығы – көңілінді бірлейді, Зұлымдығы – ұшырғандай зәреңді... –

деп келетін мына бір екі шумақ бірінші бөлімінің негізгі ой желісін аңғартса,

Талаптысы болашағын ойлаған, Тоғышары уайымсыз тойлаған. Адам-ағыс, мезгіл жігін айырар, Кім жан бағар, Кім канекей, ойлы Адам?! – деген шумақ екінші бөлімнің негізгі бағытын айқындайды. Сол сияқты:

... Бүгін Жердің пульсі тым жоғары,

Бір тамыры лып-лып етіп соғады.

Бір жарақат жазылса да кебірісіп, Бір жарадан алынбай жүр оқ әлі.

Бір елінде бейбіт өмір көктеген, Бір елінде «ойнап жатыр» отпенен.

Түбі данққа бөленеді әлемде, Бірінші боп от қаруды шектеген...

...Кейде Жердің дем-тынысы тарылып, Сыбырайды, Адамзатқа табынып?

«Тасташы, ұлым, қаруыңды жой көзін,

Дімкәс жүрек кетпеу үшін жарылып!!!» деп келетін үш шумақ үшінші бөлімнің тіні болса, ақын өзі бояуын қоюлата (курсивпен жазған) жазған «Бір елінде бейбіт өмір көктеген» деп басталатын шумақ ақынның айтпақ ойы, шығарма идеясы екені анық. Бұл толғауды Серік:

Сөйле, сөйле жүрек тілі, жыр тілі, Түбінде біз көбейтеміз күліні. Біздей болып күллі қауым

толғанса, Ел тілегі орындалар бір күні ... – деген шумақпен түйіндейді. Міне, Серік ақын сонау кеңес билігі салтанат құрып тұрған заманда, атом бомбасын ғылым мен техника жетістігі деп дәріптеп жатқан кезде осылай жырлаған еді.

Иә, бұл Серік Дінахметов болмысы еді, оны кезінде біреу түсінді, біреу түсінбеді. Әлгі толғау үшін теперіш көрген жағдайы да болды. Мұны Серіктің «Өзімді таныстыру» атты өлеңінің өзі айтып тұр.

Ақ пейілмін, қулығым да аз-ақ тым,

Тілім үшін тәһит көрген қазақпын.

Ащы дәмін тата алмасам тірліктің,

Текті жырды тамылжытып жазад кім.

Өтті, кетті талай-талай азап түн, Қорлығына көнбегенмін мазақтың.

Жығылмасам, жамандыққа сүрініп,

Жақсы жырды төгілдіріп жазад кім.

Өлең өру – азабы екен азаптың, Созсаң қолды, таяу тұр ғой азат күн.

Өсек оты өртемесе жанымды, Шыншыл жырды жарқыратып жазад кім.

Осы барым, өмір жолым аз-ақ тым,

Сырымды айттым көңілімді тазарттым.

Жыр жазамын, бар айыбым сол ғана,

Ал, әйтпесе, өздеріңдей қазақпын!

Кім не десе о десін, дәл осы жайт ары таза ақынның барлығының басында бар, соны түсіне отырып, талайдың көкейіндегісін төрт шумақ өлеңге сыйдырған Серікке тәтті боласын.

Жоғарыда айтқанымыздай ол шығармаларын кітап етіп шығара алмай кетті, өмірден озар алдында жазылған «Соғыстың соңғы жесірі», «Айтылмай жүрген сыр еді» әңгімелері, «Сарша тамыз» новелласы оқырмандарына жете алмай қалды.

Жаратушым әр пендеге өлшеулі ғұмыр береді дейді ғой, ал, Серік ақын сол Алла тағалам берген ғұмырды толық сүре алды ма білмеймін, себебі ол, бар болғаны отыз жасында, 1985 жылы 30 тамызда кенеттен бір адамның кінәсінен болған көлік апатынан көз жұмған болатын.

Серіктің өмірден озардан бір күн бұрын, 29 тамызда жазған «Сарша тамыз» атты новелласында мынадай жолдар бар.

...Ах, Август, Аялдашы бір апта,

Кім бар сені күтіп тұрған жырақта?

...Токта енді, аялдағын аз ғана, Мұнша ынтық болмағанбыз жазаға да.

Август айы бойжеткенге ғашық боп,

Жүрек сөзін айта алмаған бозбала

Өтінемін, аялдашы аз ғана!

Мұны ол туыстарының айтуынша 29 тамыздан 30 тамызға қараған түні жазып, новелласы аяқтаған екен. Қайран ақын ертеніне мына жалғанға қош айтып, мәңгілік мекеніне аттанып кетті. Не дерсің бұған... Әлде ақын жүрегі бір сұмдықты сезді ме екен?! Оны бізге енді ешкім де айта алмайды. Жанға бататыны – өмірден ерте озған қаламгердің шығармашылығы назардан тыс қалып жатқандығы. Ел азаматтары ойланса бұл мәселе де шешімін табар...

Алдажар ӘБІЛОВ,

Қазақстан Республикасы

Білім беру ісінің құрметті

қызметкері, филология

ғылымдарының кандидаты,

ҚР Журналистер одағының

мүшесі

ДАНАЛЫҚТЫҢ ДАРА ШЫҢЫ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Қаламгерлер» аллеясында «Даналықтың дара шыңы» атты поэзия көші өтті.

Кеш белгілі режиссер-сценарист, ҚР Мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмахановтың Ұлы Абайдың тағдыр тауқыметі мен өмірдегі күйінішті сәттері, халқының келешегін ойлап мың толғау күйі ешкім сезімі суреттелген «Қалың елім, қазағым,

қайран жұртым» трагифарс спектаклінің үзіндісінен басталды.

Музей директорының орынбасары Жанар Дәуренқызы шараны ашып беріп, «Жүректен кіріп, бойды алған» күш иесі Абай ағамыз бүкіл жарқын бейнесімен, жалынды жы-

рымен бізбен бірге жасай беретінін, кешегі ауыр заманда жалын боп жанып өткен Абайдың мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайтынын айтып, тәлім-тағылымды мол мерекемен құттықтады.

Осы шара аясында «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, музей қорынан және музей қызметкерлерінің жеке кітаптары «Кітап құрттары» кітап клубының жетекшісі Талғат Меңдібаеваға та-

бысталды. Адамзаттың Абайы атанған ұлы ақынның даңқты жолын жалғастырып, жырға қосып жүрген жас ақындар А.Сайлауов, М.Төлеу, Д.Нұрилла жыр жауһарларынан шашу шашты. Шараға қатысқан ақындар мен өнерпаздар музей директорының арнайы алғыс хатымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

ТАҒЫМ

Ұлы Абай «Ұлықтардың басқан әрбір ізінде бір медресе жатқандай» деп өсиет сөзін қалдырған. Алты Алаштың анасы атанған Сыр топырағынан небір айтулы азаматтар түлеп шықты. Отан қорғау жолында кеудесін оққа төсеп, бейбітшілік заманда ел-халқы үшін еселеі еңбек еткен айтулы тұлға, ардақты ұстаздың бірі – Бозғұл аға Кеулімжаев еді.



ҚАЛДЫРҒАН ІЗІҢ МӘҢГІЛІК...

Бозғұл аға 1923 жылы Қазалы ауданына қарасты «Майдакөл» ауылында қолбалалы отбасында дүниеге келді. Ел басынан өткен аласапыран уақытта өмірге келген ағамыздың балалық балдәурені қиындыққа толы болған. Жастық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді. 1942 жылы, он сегізден асқан шағында майдан даласына аттанды. Ал әкесі Тышқанбай Кеулімжаев одан бір жыл бұрын, 1941 жылы сұрапыл соғысқа кірді.

Бозғұл ағамыз мына бір әңгімені айтып отырушы еді. Баласы мен немересін қатар соғысқа жіберген әжесі Жаратқаннан немересінің аман-есен келуін сұраған екен. «Тағдыр екеуін бірдей менің маңдайыма сыйғызар дейсің бе? Тым жас еді, ең болмаса немеремді сақтай гөр!» деп Жаратқаннан жалбарына тілек тілеумен ғұмыр кешкен көрінеді. Кейуана өз баласы Тышқанбай туралы 1942 жылдың қантар айында «Сталинград шайқасында ерлікпен қаза тапты» деген бір жапырақ қаралы қағаз келсе, немересі Бозғұл 1947 жылдың сәуір айында елге аман-есен оралды.

1942 жылы соғысқа аттанған Бозғұл ағамыз Поволжье әскери округінің (қолбасшысы П.Рокоссовский) жауынгері қатарына қабылданып, оқтаушы болды. Одан әрі оның жауынгерлік жолы Дондағы Ростов өңіріндегі Новошахтинск қаласындағы 5-ші армияның 4-ші дивизиясының құрамында жалғасын табады. Осында жүріп кіші командир-сержанттық дәрежені иеленген ол талай мәрте кескілескен шайқасқа қатысты. Сол шайқастың бірінде ауыр жарақат алған ағамыз Саратов қаласындағы госпитальда төрт ай бойы ем алып, майданға қайта оралады. Сол күндердегі жанқиярлық ерлігі үшін «3 атауға» медалі берілді.

1943-1944 жылдары атқыштар мектебінде дәріс алды. Сержант дәрежесін иеленген ағамыз атқыштар бөлімінің командирі болды. Бозғұл ағамыз өзінің жазған естелігінде «1944 жылдың шіде айы. Кеңес Одағын төрт айда алмақ болған «Барбаросса» жоспары күйреген тұс. Гитлер армиясы бұл уақытта Брест-Литовскке шегініп бара жатқан еді. Күн-түні кескілескен ұрыс бірнеше күнге созылды. Осы шайқаста мен сол аяғымнан ауыр жарақат алдым. Менің тірі қалуыма қол ұшым созған украиндық достарым Лягренко мен Оленич, Левонканы сағынышпен іздеймін» деп еске алады.

Бас қолбасшының бұйрығымен 1944 жылдың қазан айында Бозғұл аға офицерлер даярлайтын курсқа баратындар тізіміне енгізілді. Жауынгерлер Приморье өлкесінің Сызрань қаласындағы офицерлер даярлайтын әскери училищенен дәріс алып, лейтенант шенін иеленді. Соғыс аяқталса да, Бозғұл аға 1946-1947 жылдар аралығында Кеңес Одағы әскери қатарында офицер-лейтенант шенінде қызмет атқарды.

Сол жылдары Тамбов жаяу әскер училищесінің басшылығы ұзақ мерзімге қызметте қалуға ұсыныс жасаған екен. «Екі ойлы болып жүрген едім ауылдағы Әбу есімді аманнан келген хат маған дұрыс шешім қабылдауға әсерін тигізді. Елге қайтуыма кеңес берген екен. Ойланбастан Бас қолбасшыға өтініш хат жолдадым. Осылайша, 1947 жылдың сәуір айында өзімнің туған топырағымға оралдым» дейтін.

Бозғұл Кеулімжаев Отан қорғаудағы ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков» медальдарымен, III дәрежелі «Даңқ», II дәрежелі «Отан

соғысы» ордендерімен марапатталған. Ал бейбіт жылдары «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 40 жыл, 50 жыл» медальдарына ие болды.

Бейбіт күнде ағамыз ұлағатты ұстаз атанды. 1947 жылдың шіде айында Қызылқұмға келіп, Қазалыдағы бастауыш мектепке жолдамамен жіберілді. Еңбек ете жүріп Қызылорда педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетіне сырттай оқуға түсіп, жоғары білім алды.

Ұлағатты ұстаз 45 жыл бойы балаларды тәрбиелеу мен сауаттандыруға бар күш-жігерін жұмсай білді. Ол білімді болды, жаңалыққа жаны құмар еді, оқушыларға тиянақты білім беруде ізденімпаз ұстаз атанды.

1947 жылдан бастап «Майдакөл» бастауыш мектебінде ұстаздық еңбек жолын бастап, бертін келе оқу ісінің меңгерушісі, №98 орта мектебінде бастауыш сыныптарының жетекшісі қызметтерін абыроймен атқарды. Қырық бес жыл ішінде білім нәрімен сусындаған жүздеген шәкірттері өмірдің тарау-тарау жолына түсіп, халық игілігіне кіршіксіз қызмет етуде.

Бозғұл ағамыз тіл маманы болғандықтан ана тілін аса құрмет тұтатын, қамқоршысы еді. Мемлекеттік басылымдарда оқырмандарға ой салатын, ел өміріндегі жан тербететін өткір мәселелерді мақала етіп үздіксіз жазып, ел жұртының ауызбірлігіне өлшеусіз үлес қосты.

«Мен соғыс жылдары Асқар Тоқмағанбетов, Әбдікәрім Оңалбаев, Меңдияр Киікбаев, Төлген Уркімбаев, Қуаныш Баймағанбетов сынды ақындардың өлеңдерін жібермей оқитынмын. Олардың отты жырлары бізді ерлікке, Отанды сүюге шақырып, бойымызға қанат бітіретін» дейтін еді ағамыз ағынан жарылып.

Оның білім саласындағы, ұлағатты ұстаздық жолындағы еңбегі туралы де ескеру сіз қалған жоқ. Жас ұрпақ тәрбиелеудегі жетістіктері үшін аудан, облыс көлемінде бірнеше мәрте «Алғыс хат», мақтау қағаздарымен марапатталды. Білім беру жолындағы өлшеусіз еңбегі үшін «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атанды. Біз де Бозғұл ағамыздың алдынан әріп танып, шәкірті болғанымызды әрқашан да мақтан тұтамыз.

1948 жылы Алмаш есімді ару жеңешемізбен шаңырақ көтеріп, өмірге сегіз бала әкелді. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, өнегелі де өркенді отбасы болды. Балаларының барлығы жоғары білім алып, сан алуан мамандық иелері атанды.

– Ел-жұртымыздың құрметіне, балаларымыздың қамқорлығына бөлендім. Немерелерімнің қызығына кенеліп жүрмін. Ендігі тілек Алла екі дүниенің абыройын беріп, бала-шаға алдында жамандығын көрсетпей кетсем арманым жоқ. Тағдырыма ризамын, – деген сөзді жиі айтатын еді.

Осындай салиқалы ой айтар сырбаз мінезді, алып жүректі ақсақал 2004 жылдың мамыражай мамыр айында 81 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Ел-халықтың алғысын арқалаумен ғұмыр кешіп, артында өнегелі мұраны мәңгілікке қалдырған тұлғалы азамат жайлы жерлеріміз әлі күнге дейін жылы лебізін білдіреді. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген сөз осындай ізгі жандарға арнап айтылса керек-ті.

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазалы ауданының құрметті азаматы



СЕЙІТ БАТЫРДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ немесе Хадидшаның қайсарлығы

Режиссёрдің сапары

Өткен Барыс жылының желтоқсан айының соңы еді. Үйге елге белгілі деректі фильм түсірудің шебері, кино-режиссёр, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қалила Омаров келді. Маңғыстау жақтан шығармашылық сапардан қайтарында жол-жөнекей біздің шаңыраққа қонақ болды. Қалила Нематуллаұлымен әлеуметтік желі арқылы және ара-тұра телефон арқылы тілдескен сырттай білістіміз бар болатын. Осы сапар жүзбе-жүз кездесу болды. Екеуімізді жақындатыратын тағы бір себеп бар. Қалила Орта жүзге пір болған атақты Айқожа ишанның ұрпағы болса, мен Ақмешіт пен Сырдың ортаңғы ағысына әйгілі болған Құлболды ишанның ұрпағымын. Қос ишан Бұхара қаласындағы Мир-Араб медресесінде бірге білім алып, Ауғанстанда Ислам Шайхтан жоғары дәрежелі діни дәрістенген. Төрімдегі қонағыммен түні бойы осы ғұлама бабаларымыз жайлы ортақ әңгіме өрбіттік.

Кинорежиссёр осы сапарында Қожа Жаһан (Қожажан қожа) ишанның немересі Сейіт батыр жайлы фильмне сюжет түсіріп жүр екен. Жоңғар жапқышылығы кезінде Абылай хан жасақтан қазақ қолының сапында ерлік көрсеткен Сейіт батыр бабамыз туралы апсанын менің айтуыммен Қалила кездіктің көлеміндегі ғана камерасына таспалап алды.

Азанғы астан кейін Амангелді ауылындағы қожалардың мекеніне жолға шықтық. Киношының мақсаты – Сейіт батыр жайлы тарихи деректермен қоржынын қампайту. Өзі де: «батыр туралы тың дерек осы қалың қожаның бірінен болмаса екіншісінен табылып қалар» деп қояды. Менің диттегенім – Кенбаев Мырзағали ағам. Облыс көлемінде біраз жыл түрлі қызметтердің құлағын ұстап, ел басқарған кісі өз бабасы туралы да білері бар болар деген ой көкейімде.

Мырзекен қонағын жылы шыраймен қарсы алып, төріне жайғастырды. Сағынысып көріскен бауырлардай әңгімелері жарасып сала берді. Үшеуара өрбіген мәслихаттасу бір арнаға тоғысып, ортақ ой орнығып, келелі кеңес болды.

Мырзекеннің әңгімесі

Сейіт батыр туралы өрбіген әңгіме бел ортаға келе бере, Мырзекен:

– Сейіт батырдың екінші баласы Бекқожаның Иман молда деген ұрпағы болған, – деп, ағамыз қоңыр дауыспен әңгіме өрбітті. Сол Иман молда менің әжемнің ағасы Досжан молданың екеуі Бұхара жақта діни медреседе бірге оқыған екен. Оқуды бітіріп елге келгеннен кейін Иман молда Жаңақорғанның «Жайылма» деген жерінде мешіт ұстап, молда болып бала оқытыпты. Ал Досжан молда қазіргі «Шіркейлі» ауылының маңындағы «Хан ауылы» деген жерде орнығып қалады. Жер шалғай болса да екеуі жыл аралатып барыс-келістен ажырамайды.

Күндердің бір күнінде Иман молданың әйелі қайтыс болып, Досжанға қаралы хабар уақытында тимей, молданың жарының жаназасына барудың сәті келмей қалады.

Марқұмның қырық күндік асынан кейін ғана Досжанның «Жайылмаға» жолы түседі. Қазалы шаңырақта бақилық болған жанға арнап Құран аяттары оқылып, бата жасалған соң назарлап қараса Иман молданың отбасындағы жетім қалған шияттей бала-шағасы жүдеп, үй ішінің де күйі тайып, берекесі кетіп қалғанын көреді. Аналарынан айырлығанына екі айдың жүзі болмай-ақ балалардың ашқұрсақ, үсті-бастарын-

дағы киімдері тозып, бірталай азып кетіпті. Арып-ашып, жүздері солғын тартып қалған балаларды көрген Досжанның жүрегі сыздап қоя береді. Ылғи жетімдердің ортасында соқа басы сопайған Иманда қандай жай-күй болсын?! Ол да арық атандай шөгіңкіреп қалыпты.

Молданың шаңырағындағы осы жағдайды көрген Досжан көп ойланбастан бір тұжырымға келеді.

Кісі аяғы басылған тұста Иман молданы жанына шақырып алып:

– Имеке, «орта жолға жетпей атың өлмесін, орта жасқа келмей қатының өлмесін» деген бұрынғыдан қалған сөз бар. Әр хикмет пен әр кереметтің бір қайыры болады. Қатыным өлді деп, қайғы жұтып өзін де жүдепсің, анасынан айырылған балаларыңнан да жетім қозыдай күйі қашыпты. Әйел отбасының берекесі ғой. Отанасыз қалған шаңырақтың ошағы күнде лаулай бермейді. Күн аралатып жанса да бықсып жанар. Маздап жанбаған отта ас пісірер қауқар қайдан болсын?! Отын тұтатып, ошағын ұстайтын еге керек, мына шаңыраққа. Марқұмның жылдық асын беремін дегенше жадап-жүдеген мына балалардың обалына қалып жүрмелік. Балаларға қамқорлық қажет, ана орнына ана боларлық ақжаулық керек. Шаңырақтан түгін түзу шықса, өз жағдайың да жөнделер, – депті.

– Досеке, айтқаныңыз жөн сөз ғой. Қатыны жоқ үйде береке бола ма? Марқұмның қырық күндік асын бере сала қатын іздегеннің жөні келер ме екен? Жұрт не дейді? Қабір топырағы кеппей жатып Иман қатын алғалы жатыр деп, ел күңкілдеме ме?

– Жадап-жүдеп, тозғындық көрген жас балалардың обал-сауабы бар емес пе?! Алды жеті-сегізге, кішісі енді отырған бүлдіршіндер күтімі болмаған соң ауырып, сырқамай ма? Кеселге ұшыраса, ақыры не болмақ? Дерттің бетін аулақ қылсын Құдайым.

– Балалардың аналарын іздеп аңырағын менің де қабырғама батады, Досеке. Ашқұрсақ жүргендеріне қоса жылап-сықтап, өксінгендері де жүдетіп болды-сықпа. Енді қайтейін? Алланың басқа салғаны осылай болып тұр ғой. Бұл сынағынан да өтпейсіз әлі.

– Балалардың обалына қалмай тұрып, енді сенің басқосуыңның қамын жасауымыз керек. Бейкүнә балаларға жаны ашымайтын пенделер не айтпайды?! Аллаға сыйынып сауапты іс жасайық, Имеке.

– Менде сізге қарсы айтар уәж қалмаған секілді.

– Жұрт не дер екен деп, аңыз аңдымай-ақ қоялық. Көп ұзатпай, бір айдан соң «Хан ауылына» кел! Құдай қаласа саған қарындасым Хадидшаны қосамын.

Досжанның осы сөзінен кейін Иман молдаға шегінерге жол қалмайды. Қимас адамының кесімді сөзіне тоқтайды. Батасын оқып, бәтүәлі сөзін айтып Досекең еліне қайтады – деп, Мырзекен әңгімесін аяқтатты.

– Қош, сонымен енді Хадидшаға келейік – деді Мырзағали аға оқиға желісін қайта жалғап. – Жаратылысы қыз демесең, он бестегі Хадидша ер балаға бергісіз қарулы, өр мінезді, сөзді тура айтады екен. Балаша кіншіп, атқа мініп, қызға тән үйдің қызметінен гөрі түздің тіршілігіне қайым болады. Текетіресте анау-мынау жігіт-желенді шалып жығып кете беретін болыпты.

Бірде «Хан ауылының» өзі құралпы бозбалалармен келіспей қалып, алыс-жұлыста аналар Хадидшаны бұрымынан тартып құлатып, төмпештеп кетеді. Таяқ жегеніне намысы келіп, ағасы Махамбетке:

– Менің шашымды ер балаша сыпырып алып тастаныз – дейді.

– Хадидшан-ау, ол не масқараң?! Енді бойжеткенде тақырбас болып жү-

ресің бе? Жұрт күлмейді ме?

– Онсыз да ерегесте алысқан жігітсымақтар бұрымынан тартып құлатып, күлкі қылды. Шашымды алып тастап солардан есе қайтарамын!

– Намысына тигендерден қарымта қайтарамын десең, бұрымыңды түйіп ал да айқаса бер. Шаш қырыққан жақсы ырым емес. Мына сөзінді әкем естімесін!

Ағасынан осылай тойтарыс алған Хадидша өзінен кіші інісі Әшірбекке «шашымды алып бер» дейді. Ол да шаш алуға келіспейді. Қайсар Хадидша тілін алмаған інісін бір-екі төмпештеп алып, ақыры айтқанын істетеді.

Бұл істі бітірген соң басына орамал тартып құнанын ерттеп мініп алып, қозы бағып жүрген бұзақыларға жетіп барады.

Еркекше киініп, беліне ат шылбырын орап байлап алған Хадидшаның қатұлы түрін көрген сотқарлардың ересектеуі:

– Әй, Хадидша түнеугі жеген таяғың аз болды ма, неге келдің? – дейді.

– Дүние кезек. Енді таяқ жеудің реті саған келіп тұр, шық жекеп-жеке! – деп, аттан қарғып түседі.

– Тұмсығың қышып тұрса, кел онда, қара қаныңды ағызайын!

– Қанқұмарлана берме, қазір көзіңді көкшітпін жіберемін!

– Кел, күшің тасып бара жатса, аптығыңды басып берейін!

Екеуі тізеден келетін шалғынның үстінде айқаса кетеді. Пәйтін тауып Хадидша әлгіні шалып жығып, кеудесіне тізесін батыра отырып жұдырығымен тұмсығын бұзып, көзін көкшітіп жібереді. Қыздан таяқ жеген бұзақы өштеспей-ақ қояйын деді ме екен, қайта төбелесе бармапты.

Есесі қайтқан қыз бұрымының жоқ екенін ағасына көрсетудің амалын жасап, басынан орамалын тастамайтын болады.

Ағасы Досжан келіндеріне: «Хадидша таяу күндерде ұзатылады, дайындық жасаңдар», – деп тапсырма береді. Сонымен ауылдың келіндері қыз жабдықтарын әзірлеуге кірісіп кетеді.

Пысықай жеңгесінің бірі күйеуге шығатынын Хадидшаның құлағына сіңіреді.

Ұзын сөздің қысқасы, Досжан молда көп ұзатпай қарындасын ұзатады.

Иман молдаға қосылған Хадидша дүниеге төрт-бес ұрпақ әкеледі. Молданың бұрынғы әйелінен қалған балаларын өз қанасынан шыққан перзенттерінен кем көрмей бағып-қағып, жетілдіреді.

Арада бірталай жылдар өткен соң тағдырдың жазуымен Иман молда қайтыс болады. Жездесінің қазасына бата оқуға менің атам Кенбай «Жайылмаға» барады. Армасын айтып дұғасын оқып, бірер күн аялдаған Кенбай атам Хадидшаға:

– Апа, сізді үй ішіңізден елге көшіріп әкеткім келіп отыр. Жесірден күні белгілі ғой, күй-жайдан кемдік көрерсіздер. Балалардың жағдайы да кемшін болар. Ел іші кең ғой, ортамызда болсаңыздар ештеден қағажу қалмассыздар, – дейді.

– Кенбайжан-ау, өзіңнің үш әйеліңнен өрген бала-шағаң бар, оның үстіне өз төлім мен жетімдерді жетектеп жаныңа мен барсам, саған онай тиеді ме? Арық атқа ауыртпалық болмай-ақ қояйын.

– Өр баланың өз несібесі болады, дендері сау болса, ертең-ақ жетілмей ме? Уайымың ол болмасын. Әңгімені ұзата бермей, көштің қамына кірсейік, – деп, Кенбай атам, сөздің токетерін айтыпты.

Айтқанына апасын көндіріп, ел ішіне алып келіпті.

Ал сол Хадидша апамызды Иман молданың бұрынғы әйелінен туған Баба атты баласы өз қолына алып, бағып-қағып, бақилық болғанында мәңгілік мекеніне аулап аттандырыпты, – деп, Мырзекен Сейіт батырдың ұрпақтары жайлы есте қалған әңгімесін аяқтады.

Қабдеш ШАҒЫРҰЛЫ.
Тасбөгет кенті

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:

70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru



10 ТАМЫЗ – АБАЙ КҮНІ

«АБАЙ ӘЛЕМІ» ӘДЕМІ ӘСЕРГЕ БӨЛЕДІ



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында ұлы ақын, ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, аудармашы, сазгер Абай Құнанбайұлының туған күніне арналған «Абай әлемі» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Кешті зиялы қауым, БАҚ өкілдері және кітапхана оқырмандары келіп тамашалады.

Іс-шарада облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов сөз сөйлеп, бұл күннің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалы төрағасы Қаршыға Есімсейітова ұлы Абайдың танымалдығын арттыру, бай мұрасын, өмірі мен шығармашылығын насихаттау жалғаса беруі тиіс екенін айтып, жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтады.

Осыдан 3 жыл бұрын 10 тамыз «Абай күні» деп аталып, мерекелік күнтізбеге енгізілген еді. Мерекелік кеште ұлы ақынның өлеңдері оқылды. Іс-шара барысында қала тұрғындары мен қонақтар Абайдың шығармашылығымен тереңірек танысуға мүмкіндік алды.

Кеш барысында Л.Хамидидің «Абай» операсынан «Ажардың жоқтауы», «Абайдың ариясы», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Көзімнің қарасы», «Әсемпаз болма өрнеге» сынды әндері орындалып, қара сөздері жатқа оқылды.

Іс-шара барысында қала тұрғындары мен қонақтар Абайдың шығармашылығымен тереңірек танысуға мүмкіндік алды. Абай күніне арналған «Кемеңгерліктің биік шыңы – Абай» атты кітап көрмесі, сирек кітаптар қорындағы ақынның шығармалары және сахналанған Абай бұрышы оқырман назарына ұсынылды.

«СБ» ақпарат



Чемпион полицей

Шілде айында Астанада белбеу күресінен өткен Әлем чемпионатында қызылордалық полицей Арайлым Оразбай 76 келі салмақта жеңімпаз атанды. Сол Арайлым облыстық полиция департаментінде жылдам қимылдайтын арнайы жасағы саптық бөлінісінің инспекторы қызметін атқарады.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

2000 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген Арайлым он екі жасында дзюдо үйірмесіне барған. Жас өренге дзюдоның әліппесін үйреткен бапкері Арман Молдаханов жетістікке жету үшін үлкен еңбек қажет екенін жеткізді. Әрбір жаттығу барысында бұрын өзіне беймәлім спорттың қыр-сырына қанығады. Осылайша ол дзюдоға бауыр басып, асқақ арман алға қарай жетелей түсті.

– Әкем Бақыт пен анам Гүлнар таңдауыма қарсы болған жоқ. Қайта жетістігіме қуанып, алдағы жарыстарға қолдау көрсетіп отырады. Әрбір бәсеке алдында ол кісілердің батасын алуға тырысамын. Бұл маған қанат бітіріп, күш қосқандай болады, – дейді Арайлым.

Ол 2013 жылы Жалаңтөс баһадүр атындағы спорт мектеп-интернатына оқуға түсті. Талантты балалардың басын қосқан оқу орны талай чемпионды тәрбиелеп шығарды. Мектеп-интернатта Арайлым білікті мамандардан тәлім алып, шеберлігін одан әрі жетілдірді. Көптеген жарыстарға қатысып, толайым табыстарымен бапкерлерін қуантты. 2017 жылы спорт-интернатты тәмамдаған ол бұл саладан алыс кете қойған жоқ. Бүгінде полиция қызметінде жүрсе де спортпен айналысады.

– Жалпы, сақшы қызметі қашанда қырағылықты қажет етеді ғой. Мені спортпен айналысуыма ол ешбір кедергісіз келтірмейді деген ойдам. Әлем чемпионатына барардан бұрын басшылық тарапынан демеу көрсетіліп, жарысқа тыңғылықты дайындалуыма барлық мүмкіндік жасалды. Бұл үшін әріптестеріме ризашылығым шексіз. Әлемдік додаға қатысар алдында көңілде қобалжу болғаны рас. Жеңіс үшін бар күшімді салдым. Бес қарсыласпен шеберлік байқастым. Кейбір белдесуім қиына соқты. Жартылай финалда ресейлік балуанмен жолықтым. Екеуімз бұдан бұрын да кездескен едік. 2022 жылы Өзбекстанның Наманган қаласында өткен Әлем чемпионатында ол мені жеңіп кеткен еді. Сол кеткен есемді қайтаруға мүмкіндік туды. Есеп – 6:2. Менің пайдама шешілді. Финалда жолыққан өзбек балуанымен алғаш рет кездесуім. Екеуімізге де оңайға соққан жоқ. Дегенмен қарсыласым жиі төртін бұзып, төрешілер тарапынан ескерту алды. Осылай жеңіс қолы мен жағына шықты, – дейді Арайлым.

Балуан қыз белбеу күресінен өзге дзюдо және самбомен айналысады. Оның айтуынша, өңірде дзюдо жақсы дамыған. Оған жергілікті балуандардың жетістіктері нақты дәлел бола алады.

– Қазір ел құрамасында әлемдік додаларда сынаға түсіп жүрген Мағжан Шәмшаддин, Абылайхан Жұбаназар деген қызылордалық жастар бар. Жерлестеріміз түрлі сайыстарда Қазақстан намысын абыроймен қорғап келеді. Олардың алдағы Париж Олимпиадасына қатысуға мүмкіндігі зор, – дейді ол.

Айту керек, қызылордалық бапкерлер әйелдер арасындағы дзюдоға да талай жұлдызға жол ашты. Олардың қатарында Жамал Бозова, Жанар Жанұзынова, Нұргүл Тағаева секілді спортшылар бар. Кезінде талай бәсекенің көрігін қыздырған сапалар қазір өздері шәкірт тәрбиелеп, жергілікті спорттың дамуына зор үлес қосып келеді.

«Қазушар» ШЖҚ РМК-ның Қызылорда филиалының ұжымы кәсіпорын директорының орынбасары Ерназаров Жорабек Шарипбековичке зайыбы

Гулсім Мусылманбековнаның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«СБ» ақпарат

Өңір өнімі

Сырдария ауданына қарасты А.Тоқмағамбетов атындағы ауылдың тіршілігі – егін және төрт түлік өсіру. 250-ге жуық шаңырақ тұратын ауыл халқы бақша егуден де алда. Ал жақында ғана осы ауылдың тұрғыны Ержан Жақыпов түрік технологиясы арқылы сүт өңдеп, айран шығаруды қолға алыпты. «Әжемнің айраны» атауымен дүкен сөрелеріне жайғасқан өнімнің дәмділігі тұтынушыларға ұнап-ақ жатыр.



Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Нарықта «Әжемнің айраны»

– Мен бұрын аудандық әкімдікте жұмыс істедім. Осы жазда мемлекеттік қызметті өз бетімше доғарып, кәсіп ашу туралы ойға келдім. Осылайша жан-жақты ізденіп, түрік технологиясы арқылы айран шығаруды мақсат тұттық. Басты мақсат – жергілікті жерден өнім шығара отырып, бренд қалыптастыру. Алғашында «Сыр айраны» деп атау қойғанмен, кейін бұл «Әжемнің айраны» болып ауысты. Өйткені, қазақы отбасында өскен талай бала әже қолынан айран ішіп, құрт жемеп пе еді? Қазір Алматыдан арнайы станок алдырғанбыз. Негізгі дәмділігін, құнарын сақтай отырып, арнайы пластик құтыларға құямыз. Құтының да дұрыстығына мән беру керек. Қазір біздің айран өзіміздің ауданнан бөлек, Қызылорда қаласы мен Жалағаш кентіндегі дүкендерде сатылымда. Сондай-ақ үлкен жиындар, той мен асқа тапсырыстар да түседі. Жалпы «Әжемнің айраны» – таңғы, түскі асқа таптырмас сусын, – дейді кәсіпкер.

Оның айтуынша, өнімнің сақталу мерзімі 10 күн. Ал бір айға дейін сақтау-

ға қажет болса, онда түрлі қоспаларды қосуға тура келеді. Бірақ айранның дәмі бұрынғыдай болмайды, сапасын жоғалтады. Сондықтан Ержан тұтынушының талғамына сай өнімнің бұрынғы сапасын жоғалтуды құп көрмейтін.

– Қазір өз ауылдастарымнан сүт қабылдап, айранды содан дайындап отырымын. Ендігі бір жұмыс – айранмен қоса «Әжемнің құрты» атауымен өнім шығару. Мұның барлығын өз қаражатыммен бастадым. Енді жергілікті билік ықылас білдіріп, кәсіпкерлік мақсатында қайтарымсыз грант немесе жеңілдетілген несие алуға қолдау танытса, сүт өнімдерін көптеп шығаруға мүмкіндік мол, – дейді ол.

Айта кетейік, Сырдария ауданында 3247 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасап тұр. Ылтырғымен салыстырғанда саладағы көрсеткіш 34 пайызға өскен. Жалпы жыл басынан бері ауданда мемлекеттік және өңірлік бағдарламалармен құны 1,4 млрд теңгені құрайтын 184 жобаға қаржылай қолдау көрсетіліпті.

Сырдария ауданы



ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

ЕР ЕСІМІ ЕСКЕРІЛДІ

Өткен жылдың қазан айында Қазалы қаласын газдандыру жұмысы кезінде болған оқиғадан Жәнібек Жұбанғанов бауырымыз көз жұмған еді. Өз ісінің маманы қауіпті сәтте шұғыл шешім қабылдап, бір отбасын аман алып қалды. Батырдың сол бір ісі ерлікке теңестірілді. «Ерлік іс ескерусіз қалмайды» демекші, Қазалы қаласы халқы атынан жолданған сұрау салу хатымыз нәтижелі болды.

Араға уақыт салып, бейбіт күннің батыры бағаланды. Облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, полковник Бекболат Әбдіқадіров, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеуімбетов, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, подполковник Ал-

тынбек Қалиев марқұм Жәнібек бауырымыздың отбасында болды. Ата-анасы Жарқынбай мен Света Жұбанғановтарға Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпхановтың атынан «Төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюда үздік шыққаны үшін» медалін табыс етті.

Осы бір игі шараға атсалысып, қызмет көрсеткен азаматтарға қоғамдық бірлестіктер мен жастар ұйымы атынан ризашылық білдіріміз.

Қазыбай САНИЯЗОВ,
Өмірбек КҮЛІМБЕТОВ,
«Өнегелі» қоғамдық бірлестігінің мүшелері

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

Ірі есірткі алқабы жойылды

Қызылордалық полицейлер «Қарасора-2023» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында Жаңақорған ауданы Қаратөбе ауылынан 6 шақырым жерде ірі есірткі алқабын анықтады.

Оқиға орнында Жаңақорған ауданының 65 және 53 жастағы екі тұрғыны ұсталды. Тексеру барысында құрамында есірткі бар өсімдіктің 52 түбі анықталды. Ал сараптама қорытындысына сәйкес, 52 түп сораның жалпы салмағы 10 келі 936 гр құрады. Сонымен қатар, оқиға орнынан азық-түлік, сорғы, шатыр, мотор, құрек, кетпен және сора өсіруге арналған арнайы жабдықтар тәркіленді.

Күдікті азаматтар уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 300-бабы 2-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Танысының үйіне түскен

Тәртіп сақшылары танысының үйіне ұрлыққа түскен 36 жастағы азаматшаны ұстады.

8 тамыз күні Сырдария аудандық полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызбен шағымданды. Үй иелерінің тойға кеткенін пайдаланған белгісіз адам үйдің ашық тұрған терезелері арқылы кіріп, жатын бөлмедегі шкафтан алтын бұйымдар мен ақша ұрлап кеткен.

Полиция қызметкерлерімен жүргізілген жедел іздестіру шараларының нәтижесінде бұрын сотты болған азаматша ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Ол жәбірленушіні танытынын және үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, ұрлыққа

барғандығын мойындады. Айғақ зат ретінде ұрланған алтын бұйымдар тәркіленді.

48 жүргізушіге хаттама рәсімделді

1-31 тамыз аралығында «Автомобиль» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның алғашқы аптасында жол жүру ережесінде белгіленген талаптарды орындамаудың 11 дерегі анықталып, тиісті шара көрілді. Сондай-ақ пайдалануға тыйым салынатын ақаулары бар көлік құралын басқарудың 163 дерегі тіркеліп, 2 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Шетелдерге тіркелген көлікті сақтандыру полюсінсіз басқарған 48 жүргізушіге және міндетті техникалық тексеруден өтпеген 22 жүргізушіге әкімшілік хаттама рәсімделді.

Сатушыларды шығынға батырған

Қызылордада ер адам дүкендер мен дәрханаларға кіріп, түрлі тауарларды жымқырып келген. Алаяқ сатушыларды «Көпкірпен ақша алып келіп, тауар ақысын төлеймін» деп алдаған. Алайда тауарларды көлігіне тиіп, оқиға орнынан ізін суытқан.

Қызылордалықтың Түркістан, Қызылорда, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласы аумағында жасалған алаяқтықтың 45 фактісіне қатысы бары анықталды. «Cyberpol» арнайы тобы күдіктіні Шымкент қаласынан ұстады. Шығын көлемі – 6 млн теңге.

Қазір қылмыстық кодекстің 190-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр.

«СБ» ақпарат